



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚҰРЫЛТАЙ: СЕНІМДІ АҚТАЙТЫН СӘТ ТУДЫ



Қазақстандағы саяси реформалардың жаңа кезеңі Құрылтай сайлауымен жалғасты. 23 тамызда азаматтар жаңа Конституция негізінде қалыптасатын бірпалаталы заң шығарушы органның депутаттарын сайлау үшін дауыс берді.

(Жалғасы 3-бетте)



БІЛІМ

76 МЫҢ ТАЛАПКЕР МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ ҰТТЫ

Қазақстанда 2026 жылғы негізгі Ұлттық бірыңғай тестілеу аяқталып, мемлекеттік білім беру гранттары конкурсының қорытындысы жарияланды. Биыл негізгі ҰБТ-ны 233 мыңға жуық талапкер тапсырды. Олардың 177 мыңға жуығы жоғары оқу орнына түсу үшін қажетті шекті балды жинады. Бұл тестілеуге қатысушылардың 76 пайызын құрайды.

Талапкерлерге негізгі ҰБТ-ны екі рет тапсырып, грант конкурсына ең жоғары нәтижемен қатысу мүмкіндігі берілді. Осы мүмкіндікті есепке алғанда, 233 мың талапкер тестілеуді жалпы 422 мың рет тапсырған. 2025 жылы негізгі ҰБТ-ға 210 мың талапкер қатысып, олар тестілеуді 381 мың рет тапсырған еді. Осылайша, бір жыл ішінде ҰБТ-ға қатысушылар саны шамамен 23 мың адамға артқан. Тестілеуге қатысушылардың 73,1 пайызы ҰБТ-ны қазақ тілінде, 26,8 пайызы орыс тілінде тапсырды. Ағылшын тілінде тест тапсырғандар саны 383 адам болды. 2026 жылғы негізгі ҰБТ қорытындысы бойынша бес пәннен орташа нәтиже 69 балды құрады. Ең жоғары көрсеткіш – 140 балл. 140 балды екі талапкер жинады. Олар – Павлодар облысының түлегі Әсет Алтыар және Қызылорда облысының түлегі Балхан Альфия. Балхан Альфияның нәтижесі ҚАЗТЕСТ нәтижесін конвертациялау арқылы есептелген. Сонымен қатар 821

талапкер 130 балдан жоғары нәтиже көрсетті. Ерекше білім беру қажеттілігі бар 800 талапкер де ҰБТ-ға қатысты. Олар үшін тестілеу барысында арнайы жағдайлар қарастырылды. ҰБТ аяқталғаннан кейін талапкерлер мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысты. 2026–2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру гранттары конкурсына барлығы 127 041 өтініш қабылданды. 2025 жылы грант конкурсына 112 873 өтініш түскен болатын. Демек, биыл грантка өтініш берген талапкерлер саны шамамен 14 мың адамға көбейді. Бакалавриат деңгейінде білім алу үшін 75 мыңнан астам мемлекеттік білім беру гранты бөлінді. Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, 75 мыңнан астам талапкер еліміздің жоғары оқу орындарында мемлекеттік грант негізінде тегін білім алу мүмкіндігіне ие болды. Бұл ретте ҰБТ тапсырған барлық талапкер грант конкурсына қатыспайды. Негізгі

ҰБТ-ны 233 мыңға жуық адам тапсырса, олардың 177 мыңға жуығы шекті балды жинаған. Азамат мемлекеттік грант конкурсына 127 041 талапкер өтініш берген. 2026–2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру гранттарының 60 пайызы елдің индустриялық және технологиялық дамуы үшін стратегиялық маңызы бар инженерлік-техникалық бағыттарға бөлінді. Ең көп грант инженерлік, өңдеу және құрылыс салаларына берілді. Бұл бағытка 16 674 грант қарастырылған. Педагогикалық ғылымдарға 12 228 грант, ақпараттық-коммуникациялық технологияларға 10 387 грант, жаратылыстану ғылымдары, математика және статистикаға 9 188 грант бөлінді.

Сонымен қатар: ауыл шаруашылығы және биоресурстарға – 2 515 грант; қызмет көрсету саласына – 2 170 грант; өнер және гуманитарлық ғылымдарға – 1 915 грант;

(Жалғасы 5-бетте)



МІНБЕР

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа даму кезеңінде құқық үстемдігін орнықтыру, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және халықтың мемлекетке деген сенімін нығайту басты стратегиялық міндеттің біріне айналды. Бұл бағыттағы жүйелі реформалардың өзегі – Конституцияда бекітілген заң үстемдігі қағидаттары мен Мемлекет басшысы айқындаған «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы. Аталған құндылықтардың өміршеңдігі, ең алдымен, мемлекеттік қызмет жүйесінің сапасына, мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігіне және олардың қызметтік әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауына байланысты.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімнің деңгейі көбіне мемлекеттік қызметкердің күнделікті іс-әрекеті арқылы қалыптасады. Азамат мемлекеттік органның қызметін бағалағанда заңдардың мәтінінен бұрын сол заңдарды жүзеге асырып отырған мемлекеттік қызметшінің кәсіби біліктілігіне, әділдігіне, адамгершілігіне, мәдениетіне және жауапкершілігіне назар аударады. Сондықтан мемлекеттік қызметші – тек мемлекеттік функцияларды орындаушы маман ғана емес, ол мемлекеттің бет-бейнесін қалыптастыратын, Конституция қағидаттарын күнделікті өмірде іске асыратын тұлға.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары құндылық ретінде таниды. Конституцияның рухы заң үстемдігін, әділдікті, теңдікті және жауапкершілікті қамтамасыз етуге бағытталған. Осы конституциялық қағидаттардың нақты көрінісі ретінде бүгінгі таңда «Заң мен тәртіп» ұстанымы мемлекеттік саясаттың негізгі бағдарына айналып отыр. Бұл қағидаттың мәні – заңның баршаға ортақ болуы, мемлекеттік органдардың өз өкілеттігін заң аясында жүзеге асыруы, азаматтардың құқықтарының сенімді қорғалуы және кез келген құқық бұзушылыққа төзбеушілік көзқарастың қалыптасуы.

«Заң мен тәртіп» ұғымы тек құқық қорғау органдарының қызметімен ғана шектелмейді. Ол – мемлекеттік басқарудың барлық деңгейіндегі жұмыс мәдениетін, жауапкершілікті, ашықтықты және кәсібилікті білдіретін кең ауқымды қағидат. Әсіресе, мемлекеттік қызмет саласында бұл ұста-

ным әрбір шешімнің заңға негізделуін, мемлекеттік ресурстардың тиімді әрі адал пайдаланылуын, азаматтардың өтініштеріне әділ қарауды және қоғам алдындағы жоғары жауапкершілікті талап етеді.

Мемлекет басшысы жариялаған «Әділетті Қазақстан» идеясы да дәл осы қағидаттарға сүйенеді. Әділетті қоғам – заң бәріне бірдей қолданылатын, мемлекеттік институттар халықтың мүддесіне қызмет ететін, әр азаматтың құқығы қорғалатын қоғам. Мұндай мемлекетті тек құқықтық реформалар арқылы ғана қалыптастыру мүмкін емес. Ол үшін мемлекеттік қызметтің жаңа мәдениеті, жаңа құндылықтары және жаңа жауапкершілік деңгейі қажет. Сондықтан мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі – мемлекеттік аппараттың жоғары кәсіби және адамгершілік стандарттарын айқындайтын маңызды құжат. Оның басты мақсаты – мемлекеттік қызметтің беделін арттыру, азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайту және мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқына қойылатын бірыңғай этикалық талаптарды қалыптастыру. Кодексте белгіленген қағидаттар мемлекеттік қызметшінің қызметтік міндетін сапалы орындауына ғана емес, оның қоғамдағы мінез-құлқына, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынасына да қатысты талаптарды қамтиды.

(Жалғасы 4-бетте)

3-БЕТ



Индустриалды-инновациялық жобалар әлеуметтің әлеуетін арттыруда

4-БЕТ



Қоғамдық орындардағы қылмысты қалай азайтамыз?

8-БЕТ



МҰҒАЛІМ

ПАЙЫМ

КОНСТИТУЦИЯ - ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛДІҢ ӨЗЕГІ

Конституция – мемлекеттің ең басты заңы. Ол Еліміздің саяси жүйесін, мемлекеттік биліктің құрылымын, азаматтардың құқығы мен бостандығын белгілейді. Барлық заңдар мен нормативтік актілер Конституцияға сәйкес қабылданады. Сондықтан Ата Заң көз келген мемлекеттің берік іргетасы деп айтуға болады.

Қоғамның дамуына байланысты мемлекеттік басқару жүйесін жаңарту қажеттілігі туындады. Осыған орай 2026 жылы қолданыста болған 15 наурызда республикалық референдум өткізіліп, қабылданған жаңа Конституциясы 2026 жылы 1 шілдеден бастап күшіне енді. Бұл өзгерістер елдегі саяси жүйені жетілдіруге, мемлекеттік институттарды жаңартуға және халықтың билікке қатысуын күшейтуге бағытталды.

Жаңа Конституцияның басты ерекшелігі – мемлекеттік билік құрылымының өзгеруінде. Бұрын Қазақстан Парламенті екі палатадан – Сенат пен Мәжілістен тұрса, жаңа Конституцияға сәйкес бұл жүйе өзгертілді. Оның орнына заң шығаратын біртұтас Құрылтай құрылды. Бұл орган заңдарды қабылдап, мемлекеттің маңызды мәселелерін қарайды.

Сонымен қатар вице-президент лауазымы қайта енгізілді. Вице-президент Президенттің тапсырмаларын орындауға қатысады және Мемлекет басшысы өз міндетін уақытша атқара алмаған жағдайда оның өкілеттігін қабылдайды. Бұл мемлекеттік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды өзгеріс болып саналады.

Президенттің өкілеттігі де қайта қаралды. Жаңа Конституция бойынша Президенттің құзыреті нақты айқындалып, билік тармақтарының өзара тепе-теңдігі күшейтілді. Бұл демократиялық қағидастарды нығайтуға және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жаңа Конституцияда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ерекше көңіл бөлінді. Заң үстемдігі,

әділдік, ашықтық және мемлекеттік органдардың халық алдындағы жауапкершілігі негізгі қағидадың бірі ретінде бекітілді.

Жаңа Конституция елдің тұрақты дамуына, азаматтардың мемлекет ісіне белсенді қатысуына және қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған. Ол Қазақстанның саяси жүйесін заман талабына сай жаңғыртуға арналған маңызды құжат болып табылады. Ал Құрылтай сол мемлекетті заңдық тұрғыдан нығайтуға, дамытуға қозғау салады.

Жаңа Конституция бойынша Құрылтай – Қазақстан Республикасының заң шығару билігін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган. Ол бұрынғы Сенат пен Мәжілістің орнына құрылып, еліміздің заң шығару қызметін жүзеге асырады.

Құрылтай 145 депутаттан тұрады. Олар жалпыға бірдей, тең және жасырын дауыс беру арқылы 5 жыл мерзімге сайланады. Құрылтай депутаты болу үшін азаматтың жасы 25-тен кем болмауы, Қазақстан Республикасының азаматы болуы және ел аумағында соңғы 10 жыл тұрақты тұруы қажет.

Әрбір депутат Қазақстан халқына ант береді және өз міндетін адал атқаруға жауапты. Депутаттар Құрылтай отырыстарына қатысуға міндетті, дауыс беру құқығын басқа адамға бере алмайды. Сондай-ақ олар өз қызметімен қатар кәсіпкерлікпен немесе басқа ақылы қызметпен айналыса алмайды. Бұл талаптар депутаттардың тәуелсіз әрі әділ жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін енгізілген.

Құрылтайдың негізгі өкілеттіктеріне Конституциялық заңдар мен басқа да заңдарды қабылдау, Президент қарсылық



**Ғ.ТАБАНОВ,
ҚР Сот әкімшілігі
Абай облысы бойынша
департамент
басшысының
орынбасары,
Әдеп жөніндегі уәкіл**

білдірген заңдарды қайта қарау, соғыс пен бейбітшілік мәселелерін шешу, Президент сайлауын жариялау және мемлекет үшін маңызды шешімдер қабылдау жатады. Осылайша, жаңа Конституция бойынша Құрылтай еліміздің заң шығару билігінің негізгі органы ретінде Қазақстанның саяси жүйесінде маңызды орын алады және мемлекеттің тұрақты дамуына қызмет етеді.

Құрылтай отырыстарында білім беру, мәдениет, жастар саясаты, ұлттық құндылықтар, тіл мәселесі, заң үстемдігі, әлеуметтік қолдау, экономикалық даму сияқты маңызды тақырыптар қарастырылады. Қатысушылар өз ұсыныстарын білдіріп, олар мемлекеттік шешімдер қабылдау кезінде ескеріледі.

Яғни, жаңа Конституция мен Құрылтай – Қазақстанның болашағын айқындайтын маңызды бастамалар. Конституция азаматтардың құқықтарын қорғап, заңның үстемдігін қамтамасыз етсе, Құрылтай халықтың үнін билікке жеткізетін маңызды диалог алаңы болып табылады. Бұл өзгерістердің барлығы әділетті, ашық және дамыған Қазақстанды қалыптастыруға бағытталған.

САРАП

Бала – біздің болашағымыз. Еліміздің өртені жарқын болуы үшін бала тәрбиесіне бүгіннен сергек қарау керек. Данышпан бабаларымыз «Қамысты бос ұстасаң қол кеседі», «Бақылаусыз бала бетімен кетеді» деген тәмсілді бекер айтпаған. Жастайынан «тек» деген тыйымды түйсініп өскен баланың ала жіпті аттамайтыны, айналасына құрметпен қарайтыны еш талас тудырмайды. Содан болса керек ғұлама әл-Фараби да «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» дей келе білімнен тәрбиені биік қоятынын көрсеткен.

БАҚЫЛАУСЫЗ БАЛАНЫҢ ҚИЫС ЖОЛҒА ТҮСУІ ОҢАЙ

Жалпы, бала тәрбиесі, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу өте күрделі мәселе. Жасөспірімдерді қиыс қадамнан сақтау, теріс жолға түсуіне жол бермеу кешенді жоспарды, қоғам болып әрекет етуді талап етеді. Ең алдымен әр баланың отбасында татулық пен тыныштық, өзара сыйластық салтанат құруы тиіс. Әке мен ананың мейірімін теңдей көріп, қамқорлығы мен қолдауын күнделікті сезініп өскен баланың қиыс кететін кезі сирек. Мемлекеттің ана мен баланың құқығын қорғап, отбасы құндылығын сақтауға барынша көңіл бөлетіні де сондықтан.

Бүгінде некені бұзу, ерлі-зайыптылардың ажырасуы – бір отбасының ғана мәселесі емес, жалпы қоғамның толғақты проблемасы. Себебі ажырасудың соңы отбасы институтының әлсіреуіне, толық емес отбасылардың көбеюіне түрткі болады. Ата-анасының екі жаққа кетуі баланың психологиясына да үлкен соққы. Сондықтан да соттар ерлі-зайыптыларды бірден ажырастырмай, ойлануына уақыт беріп, бала алдындағы жауаптылығын еске салуға, ата-ана ретіндегі міндеттерін ескертуге тырысады. Әрине, мұндай қадамдардың нәтижесі де жаман емес. Көп жағдайда тараптар татуласып, отбасын сақтап қалып жатады. Бұл судья үшін ғана емес, баланың өртені үшін, отбасының болашағы үшін үлкен жеңіс.



Екі жаққа кеткен ерлі-зайыптылардың баласы мейірімге шөлдеп өседі. Ұл-қызының материалдық қажеттілігін өтесем деп күні-түні жұмыс істеген ата-аналар қаржылық жақтан қиындық көрмегенімен, баланың тәрбиесін уыстан шығарып алатыны ащы да болса шындық. Ал бақылаусыз қалған баланың күмәнді топтарға қосылып, қылмысқа ұрынуы оңай. Түнде көше кезіп, көңіл көтеретін орындарда, компьютер клубтарында ұсталып, ата-анасына айыппұл

арқалатқан балалардың көбі толық емес отбасынан шығатынын мойындауымыз керек.

Ендеше, кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алу үшін отбасындағы тәрбиеге ғана мән беріп қоймай, баланың ғаламторлардан қандай ақпараттар алып, қандай дүниелер көретінін, кімдермен араласып, неге қызығатынын білу маңызды. Бұл жерде ата-анаға мектеп ұжымы, мұғалімдердің көмегі көп керек. Мектеп пен ата-ана бірлесе жұмыс жүргізген жағдайда баланы дұрыс бағытқа бұрып, қателіктерінің алдын алу әлдеқайда жеңіл.

Кәмелетке толмағандармен тең дәрежеде сөйлесіп, пікірін тыңдап, ойымен санасу түсініспеушіліктің алдын алады. Балалардың құқықтық білімін көтеру, ойсыз қадамы үшін жауаптылықтың барын түсіндіру де кезек күттірмейді. Себебі құқық бұзған жастардың кейбірі заңды білмейтінін, құқықтық жауаптылықтан хабары жоқтығын алға тартып ақталып жатады. Ал заңды білмеу жауаптылықтан құтқармайды. Отбасында да, мектепте де баланың құқықтық мәдниетін арттырумен шектелмей, айналасының да құқықтық еркіндігіне құрметпен қарауды үйрету міндет. Мұндай тәрбие нәтижелі болуы үшін ата-ана мен мұғалімдердің өзі құқықтық тұрғыдан сауатты болғаны, өздерінің білімін үнемі жетілдіріп отырғаны абзал.

Түптеп келгенде мемлекеттегі барлық мекемелер, қоғамдық ұйымдар және азаматтар бірлесіп бала тәрбиесімен айналысқанда ғана келешек ұрпақты дұрыс тәрбиелей аламыз. Балаға дұрыс тәрбие беру, түзу жол көрсету – ұлы іс. «Ел болам десен, бесігінді түзе», – деп ата-бабамыз айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне ерекше мән беріп, бос уақытында немен айналысатынын бақылап отырса, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыс деңгейі төмендер еді.

**Лариса КЕНЖЕЕВА,
Маңғыстау облысы кәмелетке
толмағандар істері жөніндегі
мамандандырылған ауданарлық
сотының судьясы**

СУДЬЯЛАР ОДАҒЫНА – 30 ЖЫЛ

ОДАҚ – ҚАЗЫЛАР ҚАУЫМЫНЫҢ ҚОРҒАНЫ

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының құрылып, нәтижелі жұмыс жүргізіп келе жатқанына отыз жыл болды. Қазылар қауымының қорғанына айналған бұл құрылымның тарихы сонау 1996 жылдан басталады.

Осы жылдың 19 желтоқсанында Қазақстан судьяларының I съезі өтіп, сонда сот қауымдастығын біріктіретін, судьяларға қолдау көрсететін, буындар арасындағы сабақтастықты жалғайтын қоғамдық бірлестік өз қызметіне кіріскен болатын. Міне, содан бергі отыз жылда одақ үлкен істер тындырды, жағымды жобалардың жүзеге асуына атсалысты. Бүгінгі күнге дейін қолға алынған сот билігінің тәуелсіздігін жетілдіру, судья әдебін мүлтіксіз сақтау, заңға адал қызмет ету, ұжымдық бірлікті нығайту, үздік кәсіби дәстүрлерді ұлықтау және жоғары құқықтық мәдениетті қалыптастыру сияқты ортақ құндылықтарды дәріптеуде одақтың рөлі зор.

Одақтың жұмыс істеу бағыттары нақты жүйеленген. Соған сәйкес, бұл қоғамдық бірлестік судьялардың кәсіби құқықтары мен заңды мүдделерін қорғап қана қоймай, сот жүйесінің бөделін арттыруда, судья әдебін дамытуда, сот төрелігі саласындағы заңнаманы жетілдіріп, судьялардың кәсіби

біліктілігін арттыруда белсенділік танытып келеді. Қазіргі кезде Судьялар одағының әр өңірде өз филиалы бар. Осы филиалдардың бәрі жақсылықтың жаршысына, ұйымды бір мақсатқа ұйыстырудың құралына айналған. Елдегі оқыс оқиғалар кезінде алғашқылардың бірі болып көмек қолын созатын да, балалар үйінің тәрбиеленушілеріне тұрақты қамқорлық көрсететін де, доғарыстағы зейнеткерлерді құрмет пен қолдаудан кенде қылмайтын да осы одақ.

Судьялар одағы әр төрт жыл сайын ұйымдастырылатын съездердің де сотті өтуіне, тек сот қауымдастығы үшін аса маңызды мәселелердің мінберде айтылуына мүдделілік танытты. Бүгінге дейін одақтың тоғыз съезі өткені мәлім. Еліміздің түкпір-түкпіріндегі судьялар қауымының басын бір алаңға біріктірген бұл съездерде көптеген бастамалар талқыға салынды, жаңа реформалар қолданысқа енгізілді. Сот саласына жаңа технология жетістіктерін енгізу, «Медиация туралы» заңды



қабылдау, соттарды мамандандыру, сот сатыларын онтайландыру сияқты бірегей жаңашылықтардың барлығы өз бастауын осы съездерден алған еді.

Одақ – сот ардагерлерінің қамқоршысы, жас судьялардың қолдаушысы. Жастардың ардагер судьялардан үйренері көп. Сондықтан одақ ардагерлерді жиі сот талқылауына, соттағы дөңгелек үстелдерге шақырып, кәсіби маман ретіндегі пікірлерін білуді үнемі назарында ұстап келеді. Ардагерлерден

тәлімгер тағайындап, жас судьялармен етене байланыс орнату да ұмыт қалмаған.

Білімді көтеру, біліктілікті арттыру – сот судьялары үшін басты басымдық. Осыны ескере отырып Судьялар одағы ардагерлер мен тәжірибелі судьялардың қатысуымен шеберлік сабақтарын өткізіп, өзара пікір алмасуға мүмкіндік туғызады.

Судьялар арасында тоғыз спорт түрінен өтіп келе жатқан спартакиа-

даны да одақ жыл сайын тыңғылықты ұйымдастырып келеді. Спартакиада салауатты өмір салтын сақтауға үндеп қана қоймай, судьялардың сот алаңынан тыс жерде танысуына, әріптестік байланыс орнатуына мүмкіндік туғызуда.

Судьялар мен сот қызметкерлері арасында түрлі челленджер өткізуде де одақтың көмегі көп. Осындай озық бастаманың арқасында судьялар Абай, Мұқағали өлеңдерін жаттаудан эстафетаға қатысып, кітап оқудан өзара сайысқа түскен еді. Бұл да әріптестеріміздің көркем әдебиетке деген қызығушылығын оятып, тіл байлығын, сөйлеу мәдениетін жақсартуға ықпалын тигізген бірегей жоба екені рас.

30 жыл ішінде Судьялар одағы сот жүйесін дамытудың маңызды бөлігіне айналды. Одақ алдағы уақытта да кәсіби қарым-қатынас жасауға, тәжірибе алмасуға, қоғамдық маңызы бар бастамаларды іске асыруға және сот төрелігінің үздік дәстүрлерін сақтауға арналған сенімді алаң болып қала беретініне сенімдімін.

**А.ИХЛАСБАЙҚЫЗЫ,
Жетісу аудандық
№2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ**



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚҰРЫЛТАЙ: СЕНІМДІ АҚТАЙТЫН СӘТ ТУДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл сайлаудың ерекшелігі – оның жаңа конституциялық модель аясында алғаш рет өтуінде. Осы тұрғыдан алғанда, 23 тамыздағы дауыс беру тек депутаттарды таңдаумен шектелмейді. Ол жаңа саяси жүйенің іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін көрсететін алғашқы маңызды қадам болды.

Сайлауға екі күн қалғанда, 21 тамызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа үндеу жасады. Онда Мемлекет басшысы бұл сайлауды ел тарихындағы жаңа кезеңге жол ашатын, ұлт тағдырына әсер ететін тарихи оқиға деп атады. Президенттің айтуынша, сайлауалды үгіт-насихат, теледебаттар мен пікірталастар ашық әрі бәсекелестік жағдайда өтті. Ел азаматтары партиялардың бағдарламаларымен толық танысуға мүмкіндік алды. Саяси науқанға жастар, кәсіби қауымдастық өкілдері мен кәсіпкерлер белсенді қатысып, жаңа тұлғалар мен ұтымды ұсыныстар ортаға шықты. Сайлау барысын отандық және халықаралық бақылаушылар жіті қадағалайды. Жаңадан жасақталатын Құрылтай әралуан көзқарас тоғысатын және елдің саяси-экономикалық жаңғыруына серпін беретін біртұтас алаңға айналуы тиіс. Сайлауға қатысу дегеніміз – халықтың өз ықтиярын білдіру, ел тағдырына бей-жай қарамай, азаматтық жауапкершілік таныту, ел игілігі үшін өнегелі іс жасау деген сөз. Осы жайлы мәлімдей келіп, Мемлекет басшысы барша қазақстандықтарды, әсіресе жастарды азаматтық жауапкершілік танытып, дауыс беруге қатысуға үндеген еді.



Президенттің осы бағасына сайлаудан кейін қайта үңілудің жөні бар. Өйткені тарихи өзгеріс заңға енгізілген түзетулермен немесе жаңа органның атауымен ғана өлшенбейді. Оның шынайы нәтижесі мемлекеттік институттардың қалай жұмыс істейтінінен, қабылданған шешімдердің халықтың өміріне қалай әсер ететінінен көрінеді. Сондықтан 23 тамызды жаңа саяси жүйенің мәресі емес, оның алғашқы үлкен сынағының басталуы деуге болады.

Бұл сайлауда 145 депутаттық мандатқа жеті саяси партиядан 545 кандидат таласты. Олардың арасында 172 әйел, 74 жас кандидат және 19 мүгедектігі бар азамат болды. Кандидаттардың орташа жасы – 45,4 жас. Орталық сайлау комиссиясының мәліметінше партиялық тізімдердегі әйелдер, жастар және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі 43,9 пайызға жетті. Яғни, сайлаудың ауқымы да, саяси мәні

...сайлаушылар қатарына 12,6 миллионнан астам азамат енгізілсе, дауыс беру қорытындысы бойынша олардың 9 миллион 352 мыңнан астамы өз таңдауын жасады. Осылайша азаматтардың бұл саяси науқанға қатысу белсенділігі 74,19 пайыз болды.

де аз емес және сайлаушының алдында таңдау болды.

Жалпы, сайлаушылар қатарына 12,6 миллионнан астам азамат енгізілсе, дауыс беру қорытындысы бойынша олардың 9 миллион 352 мыңнан астамы өз таңдауын жасады. Осылайша азаматтардың бұл саяси науқанға қатысу белсенділігі 74,19 пайыз болды. Әрине, сайлауға қатысу деңгейін демократиялық процестің жалғыз өлшемі ретінде қарастыруға болмайды. Бірақ азаматтардың төрттен үшке жуығының дауыс беруі қоғамның жаңа саяси институтқа

немқұрайды қарамағанын көрсетеді. Бұл – жаңа саяси институттың қоғам назарында болғанын көрсетеді. Бірақ жоғары қатысу көрсеткішінің өзі жұмыстың аяқталғанын білдірмейді. Керісінше, сайлауға келген әр азаматтың дауысы енді саяси жауапкершілікке айналады.

Сайлау аяқталғаннан кейін бірден exit poll нәтижелері жарияланды. «Еуразиялық интеграция институтының» сауалнамасы бойынша «Әділет» партиясы 71,8 пайызбен бірінші орынға шықты. «Ауыл» – 6,4, Respublica – 5,4, ЖСДП – 5,2, «Ақ жол» – 5,1 пайыз жинаған. «СОЦИС-А» зерттеуінің нәтижесі де ұқсас көріністі көрсетті. Олардың мәліметтері бойынша «Әділет» – 70,7, «Ауыл» – 6,4, Respublica – 5,5, «Ақ жол» – 5,4, ЖСДП – 5,0 пайыз дауыс жинапты. Ал Қоғамдық саясат институтының exit poll нәтижесінде «Әділет» 72,3 пайыз, «Ауыл» 6,2, Respublica 5,2, «Ақ жол» 5,1, ЖСДП 5,0 пайыз көрсеткен. Үш зерттеудің нәтижелеріндегі айырмашылықтарға қарамастан, бір ортақ тенденция анық байқалады. Ол «Әділет» партиясының айқын басымдықпен алға шығып, алтағы төрт партия бес пайыздық межеден жоғары дауыс жинағаны.

Егер exit poll нәтижелері ресми қорытындымен шамалас болса, «Әділет»

ше партияның парламентте отыруында емес. Әртүрлі қоғамдық көзқарастардың заң шығару процесінде естілуінде.

Сайлауалды кезеңде партиялар өздерінің бағдарламаларын ұсынды. Енді олардың арасындағы бәсеке басқа деңгейге өтеді. Құрылтайда партиялар заң жобаларын талқылап, түзетулер ұсынуы, азаматтардың мәселесін көтеруі және қабылданған шешімдердің орындалуына ықпал етуі тиіс. Саяси бәсекенің сапасы да осыдан көрінеді. Егер сайлау кезінде партиялар бір-бірінен бағдарламаларымен ерекшеленсе, енді олардың тиімділігі нақты заңнамалық бастамаларымен және халықтың мәселесін шешуге қосқан үлесімен бағаланады. Халықтың сенімін алған депутаттар енді сол сенімнің нақты нәтижесін көрсетуі керек. Әсіресе, әлеуметтік мәселелер, ауылдың жағдайы, денсаулық сақтау, білім, жұмыс орындары, тұрғын үй, инфрақұрылым, әділеттілік пен заңның үстемдігі сияқты күнделікті өмірге тікелей әсер ететін мәселелер Құрылтай жұмысының өзегіне айналуы қажет.

Құрылтайдың тарихи атауы – тарихи жауапкершілік. Дәстүрлі түсінікте құрылтай – ел тағдыры талқыланатын, ортақ шешім қабылданатын орын. Ендеше қазіргі Құрылтайдың да мазмұны осы тарихи ұғымға сай болуы керек. Жаңа заң шығарушы органның алдында әлеуметтік мәселелерден бастап экономиканы дамытуға дейінгі көптеген міндет бар. Қазақстан қоғамы үшін білім мен денсаулық сақтау, жұмыс орындары, тұрғын үй, ауылдардың жағдайы, инфрақұрылым, кәсіпкерлікті қолдау, әлеуметтік әділеттілік мәселелері өзекті болып қала береді. Сондықтан жаңа Құрылтайдың қызметін тек қабылданған заңдардың санымен бағалау жеткіліксіз. Ең маңыздысы – сол заңдардың қоғамға әсері. Құрылтай депутаттарының сайлаушылармен байланысы да маңызды бағыт болмақ. Сайлау науқаны кезінде халықпен кездескен кандидаттардың енді депутат ретінде сол байланысты сақтауы, азаматтардың ұсыныстарын заң шығару жұмысына жеткізуі қажет. Осылайша халықтың таңдауы нақты жұмысқа айналуы тиіс.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»



ШИКІЗАТТЫ ҚАЙТА ӨНДЕУ

ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУДА

Елімізде шикізатты қайта өңдеу секторы жанданбақ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Үкіметіне біраздан бері осы бағытта дамуға, ізденуге жүйелі тапсырмалар беріп, оны жүзеге асыру барысын қадағалайтынын айтқан. Ел аумағында ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді тереңдету, көлік және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, азаматтарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету бойынша қазір қарқынды жұмыстар жүргізіліп кетті.

Жақында ел Үкіметінің баспасөз қызметі қай аймақта қандай өндірістер, көлік және әлеуметтік инфрақұрылым нысандары іске қосылғанын жария етті.

Ол мәліметте Қызылордада халықтың әлеуметтік осал санаттарының ішінде кезекте тұрғандарға 90 пәтердің кілті табысталыпты. 4 жыл ішінде өңірде 30 мыңнан астам кезекте тұрғандар тұрғын үймен қамтамасыз етіліп, 2026–2027 жылдары 25 мың адамға 62 мыңнан астам пәтер тапсыру жұмыстары жоспарланып отыр.

Ақмола облысында да осындай қуанышты ақжолтай жаңалықтар жалғасып жатса керек. Мысалы, бұл аймақтың Аршалы кентінде мұқтаждар санатындағы 47 отбасы жаңа 100 пәтерлі үйден пәтер алған.

Ал Ақтөбе облысының Жабасақ ауылына көгілдір отын келіп, 43 шақырымдық негізгі құбыр және 12,6 шақырымдық кентшілік газ құбыры тартылып, бес жүзден астам тұрғын газға қол жеткізген.

Бұдан бөлек, қарапайым халық үшін көлік инфрақұрылымы, тамақ өнеркәсібі мен денсаулық сақтау саласын ең өзекті секторлардың бірі екені анық. Үкімет бастамасымен қазір Арқалықта 30 жылдан кейін қала әуежайы кең ауқымды



реконструкциядан өтіп, әуе қатынасы қайта жанданған. Аптасына 2 рет Астана – Арқалық; Алматы – Арқалық; Қостанай – Арқалық бағыттары бойынша рейстер іске қосылыпты.

Павлодар әуежайында да ұшу-қону жолағын реконструкциялау аяқталды. Заманауи әуе кемелерін қабылдау үшін ұшу-қону жолағы 45 метрден 60 метрге дейін кеңейтілді. Субсидияланатын Астана – Павлодар бағыты іске қосылды. 1 қыркүйекте күнделікті Павлодар – Алматы және Павлодар – Новосібір рейстері қайта қатынай бастайды.

Теміржол вокзалдарын жаңғырту тапсырмасын қолға алғалы бері елде екі ең ірі нысанда жұмыстар аяқталды. Бүгінгі таңда Қазақстанда 74 вокзал салынды және реконструкцияланды.

Тамақ өнеркәсібі де елді өзінің жағымды жаңалықтарымен қуанытып жатыр. Мәселен, Қостанай облысында «Баян Сұлу»

Өңірлер мен өнеркәсіпті дамытуға бағытталған жобалар Мемлекет басшысының бастамасынан жалғасын табады. Мемлекет басшысының халықты 100% ауыз сумен қамту жөніндегі тапсырмасы аясында Арнаулы мемлекеттік қордан еліміздің барлық өңірінде 267 жобаны жүзеге асыруға 226,5 млрд теңге бөлінген. Бұл сектордағы қарқынды жұмыс жергілікті тұрғындардың ауызсуға деген қажеттілігін азайтады.

фабрикасының «Кондитерлік астана» атты кешені іске қосылды. Қуаты жылына 16,6 мың тонна өнім өндіруге жететін жоба

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу үлесін 70%-ға дейін жеткізу жөніндегі тапсырмасы шеңберінде жүзеге асырылды. Осылайша кәсіпорынның жалпы қуаты жылына 85 мыңнан 101 мың тоннаға дейін артыпты.

Өңірлер мен өнеркәсіпті дамытуға бағытталған жобалар Мемлекет басшысының бастамасынан жалғасын табады.

Мемлекет басшысының халықты 100% ауыз сумен қамту жөніндегі тапсырмасы аясында Арнаулы мемлекеттік қордан еліміздің барлық өңірінде 267 жобаны жүзеге асыруға 226,5 млрд теңге бөлінген. Бұл сектордағы қарқынды жұмыс жергілікті тұрғындардың ауызсуға деген қажеттілігін азайтады. Орталықтандырылған сапалы ауызсу халықтың денсаулығын жақсартудың да бір кепілі.

Бұдан бөлек, Үкіметтің баспасөз қызметінің мәлідемесінде, Солтүстік Қазақстан облысында жалпы құны 14,9 млрд теңге болатын 28 жоба аяқталған. Нәтижесінде Айыртау, Есіл, Мамлют, Тайынша аудандары мен Шал ақын ауданының 30-дан астам ауылының тұрғындары тұрқарты ауыз сумен қамтамасыз етілген.

Абай облысы да ел қамына қатысты игілікті істен тыс қалмапты. Бұл облыста да 20 мыңға жуық ауыл тұрғындарын қамтыған 15 жоба жүзеге асырылған.

Бұл үрдіс республиканың барлық өңірінде жүзеге асуда. Ел еңсесі әлеуметтік қажеттіліктердің орнауымен өтеледі. Ендеше, жаңа қарқынмен дамыған жас мемлекеттің тегеурінді жобалары алдағы уақытта да жалғаса береді.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

МІНБЕР

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қызметтік әдеп – сыртқы сыпайылықпен немесе ресми этикетпен ғана өлшенетін ұғым емес. Ол – мемлекеттік қызметшінің ішкі мәдениеті, кәсіби ар-ожданы, заңға деген құрметі және мемлекет алдындағы жауапкершілігі. Әдепті мемлекеттік қызметші өз қызметінде әрқашан әділдік пен бейтараптылықты басшылыққа алады, жеке мүддені мемлекеттік мүддеден жоғары қоймайды, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтейді және қабылдайтын әрбір шешімдінің қоғамға ықпалын терең түсінеді.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметтің басты міндетінің бірі – халыққа сапалы әрі қолжетімді қызмет көрсету. Азамат мемлекеттік органға жүгінген кезде ең алдымен заңға негізделген әділ шешімді, ашықтықты, түсінікті түсіндіруді және сыпайы қарым-қатынасты күтеді. Егер мемлекеттік қызметкер өтінішті уақытылы қарап, заң талаптарына сәйкес шешім қабылдап, азаматпен құрмет негізінде сөйлесе білсе, бұл тек бір адамның мәселесін шешіп қана қоймайды. Мұндай қарым-қатынас жалпы мемлекеттік аппаратқа деген сенімді күшейтеді. Керісінше, дөрекілік, салғырттық, формализм немесе заң талаптарын елемеу мемлекетке деген қоғамдық сенімге нұқсан келтіреді.

Әдеп кодексінің маңызды қағидаттарының бірі – адалдық. Адалдық – мемлекеттік қызметтің басты құндылығы. Ол мемлекеттік қызметшінің қызметтік өкілеттігін жеке пайдасына пайдаланбауын, мемлекеттік мүлікке ұқыпты қарауын, мүдделер қақтығысына жол бермеуін және кез келген жағдайда заң талаптарына адал болуын білдіреді. Бұл қасиеттер сыбай-

лас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың негізгі алғышарттарының бірі болып саналады.

Бүгінгі цифрлық дәуір мемлекеттік қызметшіге бұрынғыдан да жоғары жауапкершілік жүктейді. Ақпараттың ашықтығы, әлеуметтік желілердің ықпалы және қоғамдық бақылаудың күшеюі мемлекеттік қызметкерлердің қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқына да ерекше талап қояды. Мемлекеттік қызметші әрдайым өзінің әрекеті арқылы мемлекеттік органның беделіне ықпал ететінін есте ұстауы тиіс. Сондықтан қоғамдық орындардағы мәдениеті, азаматтармен қарым-қатынасы, әлеуметтік желілердегі жазбалары мен пікірлері де мемлекеттік қызметтің жоғары әдеп стандарттарына сәйкес болуы қажет.

Заң мен тәртіп қағидатының



Абилсеит ТЮЛЬКИЕВ, Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл

Қызметтік әдеп – сыртқы сыпайылықпен немесе ресми этикетпен ғана өлшенетін ұғым емес. Ол – мемлекеттік қызметшінің ішкі мәдениеті, кәсіби ар-ожданы, заңға деген құрметі және мемлекет алдындағы жауапкершілігі. Әдепті мемлекеттік қызметші өз қызметінде әрқашан әділдік пен бейтараптылықты басшылыққа алады, жеке мүддені мемлекеттік мүддеден жоғары қоймайды, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтейді және қабылдайтын әрбір шешімінің қоғамға ықпалын терең түсінеді.

өміршендігі заңдардың санымен емес, олардың орындалу деңгейімен өлшенеді. Ал, заңдардың толық әрі әділ орындалуы мемлекеттік қызметкерлердің кәсібилігіне, жауапкершілігіне және адамгершілік қасиеттері-

не тікелей байланысты. Мемлекеттік қызметтің сапасы жоғары болған сайын қоғамдағы құқықтық мәдениет те нығая түседі. Өйткені мемлекеттік қызметкердің жеке үлгісі азаматтардың заңға деген құрметін

қалыптастыратын маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтің басты миссиясы – халыққа адал әрі сапалы қызмет ету. Бұл міндетті орындау үшін әрбір мемлекеттік қызметші Конституцияға адал болуы, заң талаптарын бұлжытпай орындауы, Әдеп кодексінің нормаларын сақтауы және өзінің кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс. Сонда ғана мемлекеттік аппараттың тиімділігі артып, қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенім нығаяды.

«Заң мен тәртіп» қағидаты мен «Әділетті Қазақстан» идеясы – бір-бірін толықтыратын, ортақ мақсатқа қызмет ететін ұғымдар. Біріншісі – құқықтық мемлекеттің берік негізін қаласа, екіншісі – сол негізде әділ қоғам қалыптастыруды көздейді. Ал, осы ұлы мақсаттарды күнделікті өмірде жүзеге асыратын негізгі құш – мемлекеттік қызметші. Сондықтан мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтау – тек қызметтік міндет емес, ол Конституцияға деген құрметтің, мемлекетке адал қызмет етудің және халық алдындағы жоғары жауапкершіліктің айқын көрінісі.

Қоғамның мемлекетке деген сенімі заңның үстемдігімен әрі сол заңды жүзеге асыратын адамның әдебімен, мәдениетімен және адалдығымен өлшенеді. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші өзінің кәсіби қызметінде заңдылықты, әділдікті, ашықтықты және жоғары адамгершілік қағидаттарын берік ұстанғанда ғана Конституцияда бекітілген «Заң мен тәртіп» қағидаты нақты мазмұнға ие болып, «Әділетті Қазақстан» идеясы ел өміріндегі шынайы құндылыққа айналады.

ОҢ ҚАДАМ

Дәрумендердің әлемдік нарығы қазір 210-228 млрд долларға бағаланып отыр. Жыл сайын 7-9 пайызға өсіп келе жатқан бұл нарықта омарта шаруашылығының үлесі 4-6 пайызды немесе 11,4 млрд долларды ғана құрауда. Онда сұраныс ұсыныстан жоғары болғандықтан, өндірісшілер өз өніміне алдын ала тапсырыс қабылдап қоятын жағдайға жетті. Өкінішке қарай дәрумендер нарығындағы бұл салада Қазақстан былтырға дейін толықтай импортқа тәуелді болып келген еді.

ДӘРУМЕНДЕР ӨНДІРІСІ ЖАНДАНЫП КЕЛЕДІ



ҚР Ұлттық статистика бюросының есебі бойынша, былтыр еліміздегі дәрумендер мен олардың туындыларын өткізу нарығы 195 млн доллардан асты. Ондағы өсім бір жылда 2,3 есені құрап отыр. Ондағы омарта өнімдері дәрумендерінің үлесіне қатысты мәлімет жоқ. Егер елімізде жылына 10-12 мың тонна бал өндірілетінін және оның тек 1 пайызға жуығы ғана өндірістік деңгейде сусындар мен дәрумендер жасауға жұмсалатынын ескерсек, бұл нарықты млн емес млрд-тармен есептеуге болады. Өйткені қазір табиғи жағдайда өндірілген 1 кг балдың өз бағасы Еуропада 100 еуроны құрайды. Ал одан жасалған дәрумендер келіп емес, грамдап сатылатындықтан, қосымша құны жоғары өнімдер бір емес бірнеше мың еуроға бағаланады. Өкінішке қарай елімізде омарта өнімдерін өңдеп, одан түрлі дәрумендер жасау ісі енді ғана қолға алына бастады.

«Ештен кеш жақсы» дегендей бұл салада тыңнан түрен салып отырған алғашқы өндіріс орны Жетісу облысында құрылды. Олар әзірге ешбір отандық ғылыми-зерттеу институты қолға алмаған тың жобаны бастап, өздерінің жеке бастамаларымен таңғажайып жетістікке жетіп отыр.



«Әдетте омарта өнімдері өсімдіктердің эфир майымен араласпайды. Біз өзіндік технологиямен бұл өндірістің үдерістің шешімін тауып, әзірге 21 түрлі өсімдік пен жемістің қосындысынан дәрумендер жиынтығын жасап жатырмыз. Біздің компания 2025 жылы құрылды. Атауынан көрініп тұрғандай біздің алға қойған басты мақсатымыз қазіргі алмағайып заманда халықтың иммундық жүйесін,

денсаулығын жақсарту үшін табиғи өнімдердің қосындысынан экологиялық жағынан таза өнімдер жасау. Қазір біз 25 адамды тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз етіп отырмыз. Болашақта омарта ұяларының санын көбейтіп, медициналық туризмге де бет бұрған кезде бұл сан одан да көбейетін болады», – дейді «Kausar Shifa Kz» өндіріс орнының негізін қалаушы Сұңғат Қайролла.

Кәсіпкердің айтуынша, дәрумендер нарығында қазақстандық компанияның нарыққа шыққанын естіп ең бірінші боп Қытай елі мамыр айында экологиялық таза өнімдердің көрмесіне шақырған. Оны ұйымдастырушылар тек Қытайдағы ғана емес, бүкіл әлемдегі экологиялық жағынан ең таза, қауіпсіз өнімдерді өзінің мыңдаған сауда желісіне біріктіріп, оны тұтынушыға тікелей жеткізуді мақсат еткен. Егер олардың мақұлдауынан өткен жағдайда Қазақстандағы омарта өнімдерінен жасалатын дәрумендер өндірісі дамудың жаңа кезеңіне қадам баспақ. Отандық жаңа өнімге қытайлардан бөлек малазиялықтар да ерекше қызығушылық танытып отыр. Енді Италиядағы қазақ ғалымының қолдауының арқасында Еуропа елдері де Қазақстанда өндірілген дәрумендерді өз халқына ұсынуға ықылас таныта бастапты.

«Мен өзім Текелі қаласында тұрамын. Омарташылықпен 7 жылдан бері айналысып келемін. Бастапқы кезде оны 4 ұядан бастадым. Екі жылдан бері «Kausar Shifa Kz» ұжымына қосылды. Араның балы ғана емес, уы да денсаулыққа өте пайдалы. Бұрын жүрегім ауыратын. Қазір жүрек ауруын мүлде ұмыттым десе болады. Ара деген ерекше жәндік қой. Оның аналығы күніне 1,5-2 мыңға дейін жұмыртқа туады. Аналық аралар 40 күн ғана жұмыс істейді. Бірінші аптада жас аралардың күтімімен айналысады, екінші аптада ұяның ішін тазалаумен айналысып, үшінші апта ұша бастаған кезде ұяға бал шырынын жинайды. Біздің омарталар орналасқан Текелі тауында жабайы өсімдіктер мен жеміс-жидектер өте көп. Адам мен мал аяғы баспаған жерлер де жеткілікті. Жаз жайлы болса омарта балын 2-3 рет шайқаймыз. Әр ұядан 30 келідей бал жинаймыз», – деген Ақан Оразбекұлының сөзіне қарағанда омарта шаруашылығының әлеуеті елімізде әлі толық игерілмей отыр. Оны күнкөріс көзі ретінде ғана қарастырмай, ірі өнеркәсіптік кешен ретінде дамытатын болса, мұнда жаңа жұмыс орындары көптеп ашылып, экономикалық қызметтің бір емес барлық саласында зор табысқа жетуге мүмкіндік мол.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ОТЫРЫС

ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫ ҚАЛАЙ АЗАЙТАМЫЗ?

Алматы облысының Ұйғыр ауданындағы Шонжы ауылында аудан әкімдігі мен прокуратурасының ұйымдастыруымен «Заң мен тәртіп» қағидаты аясындағы комиссияның екінші отырысы өтті. Аудан әкімінің орынбасары Ерасыл Толымбекұлының айтуынша, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Дегенмен, қабылданып жатқан шараларға қарамастан, қоғамдық орындарда және мас күйінде жасалатын қылмыстар саны өскен. Әсіресе, түнгі уақытта алкоголь өнімдерін заңсыз сату мен шығу тегі белгісіз өнімдердің айналымы өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан бұл отырыста аталған құқық бұзушылықтардың негізгі себептерін талқылап, олардың алдын алу бойынша нақты әрі нәтижелі шаралар айқындалды. Оған құқық қорғау органдарының, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының (СЭББ), кірістер басқармасының өкілдері, құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының мүшелері, аудандық мекеме және бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері және ауданның бас имамы шақырылған.

«Жыл басынан бері аудан бойынша алкоголь өнімдерін сататын нысандарға 22 рейтдік іс-шара жүргізілді. Онда 5 құқық бұзушылық анықталып, заңсыз айналымнан 176 бөтелке алкоголь өнімі мен 189 қорап темекі тәркіленді», – деді аудандық полиция бөлімі басшысының орынбасары Сырым Серікболұлы.

Оның айтуынша, биыл жалпы қоғамдық орындардағы қылмыстар саны 7-ден 15-ке, көшедегі қылмыстар 4-тен 8-ге дейін өскен. Сондай-ақ алкогольді белгіленбеген уақытта сатудың 8 дерегі анықталған. Жыл



басынан бері ӘҚБтК-нің 440-бабы бойынша анықталған 125 әкімшілік құқық бұзушылық бойынша салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 2 703 125 теңгені құрап отыр.

Отырыс барысында қарастырылған сұрақтарды қорытындылай келе, аудан прокуроры Ғабит Тұрманов құзырлы органдарға қоғамдық орындарда, көшелерде және мас күйінде жасалған қылмыстардың өсу себептеріне талдау жүргізіп, қылмыс жиі тіркелетін орындарда кешкі және түнгі патрульдік бақылауды күшейтуді; түнгі уақытта заңды өкілсіз жүрген көмелетке толмағандар мен олардың ата-аналарына қатысты профилактикалық жұмысты күшейтіп, құқық бұзушылықты қайталап жасаған отбасыларды жеке бақылауға алуды тапсырды. Аудандық полиция және мемлекеттік кірістер басқармасына түнгі уақытта алкоголь өнімдерін заңсыз сататын сауда нүктелерін анықтау бойынша бірлескен рейтдік іс-шаралар өткізіп, заң бұзушылыққа жол берген кәсіпкерлерді қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тарту міндеттелді. Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына шығу

тегі белгісіз алкогольді және алкогольсіз сусындардың айналымына бақылауды күшейтіп, сауда нысандары мен бұқаралық іс-шараларда өнімдердің қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болуын қатаң бақылауға алу жүктелді. Сон-

дай-ақ, прокуратура пәрменіне сай ауылдық округ әкімдері тиісті аумақтағы алкоголь өнімдерін сататын сауда нысандарының тізімін нақтылап, кәсіпкерлер арасында алкогольді белгіленбеген уақытта және көмелетке толмағандарға сатуға жол бермеу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізбек. Ал аудандық кірістер басқармасы аудандағы алкоголь өнімін сатуға лицензиясы жоқ дүкендер мен сауда нүктелерінде заңсыз сауда қауіпін азайту мақсатында алдын алу (профилактикалық) жұмыстарын күшейтіп, сапасыз және қолдан жасалған спирт өнімдерін сататын жасырын нүктелерді анықтау үшін аудандық полиция бөлімі және Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасымен бірлесіп шұғыл тексеру іс-шараларын ұйымдастыруды, сот шешімімен тәркіленген алкоголь өнімдері мен темекі қораптарының заңнамаға сәйкес толықтай жойылуын немесе мемлекет кірісіне өткізілуін заңды түрде реттеп, есебін ұсынуды міндетіне алып отыр.

Е. КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

БІЛІМ

76 МЫҢ ТАЛАПКЕР МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ ҰТТЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

әлеуметтік ғылымдар, журналисти-
ка және ақпаратка – 1 485 грант;
бизнес, басқару және құқыққа – 1
423 грант;
ветеринарияға – 1 175 грант бөлінді.
Гранттардың бөлінісінен техни-
калық, педагогикалық және цифрлық
бағыттарға мемлекеттік тапсырыстың
басым көлемі бағытталғанын көруге
болады.

2026 жылы «Серпін» бағдарлама-
сы аясында 2180 мемлекеттік білім
беру гранты бөлінді. Сонымен қатар
Қазақстанның батыс өңірлеріндегі
жастар үшін 2500 арнайы грант қарас-
тырылған. Қазақстанда жұмыс істейтін
шетелдік жоғары оқу орындарының
филиалдарында білім алу үшін тағы
3190 мемлекеттік грант бөлінді.

2026 жылғы негізгі ҰБТ барысында
барлығы 890 ереже бұзушылық тіркел-
ді. Оның ішінде 522 талапкер тыйым
салынған заттарды тестілеу ғимараты-
на алып кіруге әрекеттенгендіктен тест
тапсыру мүмкіндігінен айырылған.
Тағы 361 талапкер тестілеу кезінде ере-
же бұзғаны үшін аудиториядан шыға-
рылып, олардың нәтижелері жойылған.
Бейнежазбаларды тексеру нәтижесінде
тағы жеті талапкердің ҰБТ нәтижесі
жойылды.

ҰБТ аяқталғанымен, бақы-
лау жалғасады. Тестілеу барысында
түсірілген бейнежазбалар 2026 жылғы
31 қазанға дейін тексеріледі. Егер кей-
іннен талапкердің тестілеу ережелерін
бұзғаны анықталса, оның нәтижесі
жойылуы мүмкін. 2026 жылғы негізгі
ҰБТ қорытындысы бойынша апелляцияға
95 мыңнан астам өтініш қабыл-



данған. Республикалық апелляциялық
комиссияның қорытындысы бойынша
152 бірегей тест тапсырмасына қатыс-
ты өтініш қанағаттандырылған.

Бұл жерде мемлекеттік грант иегер-
лерінің саны мен жоғары оқу орында-
рына жалпы қабылданған студенттер
санын ажырата қарау қажет. 2026 жылы
75 мыңнан астам талапкер мемлекеттік
грант бойынша білім алу мүмкіндігіне
ие болды. Алайда бұл еліміздің жоға-
ры оқу орындарына қабылданған бар-
лық бірінші курс студенттерінің саны
емес. Жоғары оқу орындарына мем-
лекеттік гранттан бөлек, ақылы негіз-
де де талапкерлер қабылданады. 2026
жылғы 23 тамыздағы жағдай бойынша
ЖОО-ларға құжат қабылдау науқа-
ны толық аяқталған жоқ. Құжат қа-
былдау 25 тамызға дейін жалғасады.
Сондықтан грант және ақылы бөлімді
қоса есептегендегі биыл жоғары оқу
орындарына нақты қанша студент қа-

былданғаны жөніндегі түпкілікті рес-
публикалық көрсеткіш кейін белгілі
болады.

2026 жылғы ҰБТ және грант кон-
курсының нәтижелері талапкерлер са-
нының артқанын көрсетеді. 2025 жылы
негізгі ҰБТ-ға 210 мың талапкер қат-
тысса, биыл олардың саны 233 мыңға
жуықтады. Мемлекеттік грантқа өтініш
берушілер саны да артқан. 2025 жылы
конкурсқа 112 873 өтініш түссе, 2026
жылы бұл көрсеткіш 127 041-ге жет-
ті. Сонымен бірге биыл негізгі ҰБТ
тапсырған талапкерлердің 76 пайызы
шекті балды жинады. Орташа нәтиже
69 балды құрады.

Осылайша, 2026 жылғы қабылдау
науқаны ҰБТ тапсырушылар мен мем-
лекеттік грантқа өтініш берушілер са-
нының өсуімен ерекшеленді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

АКЦИЯ

МӘДЕНИ МҰРАНЫ БІРГЕ САҚТАЙЫҚ!

«Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи пар-
кінде «Мәдени мұраны бірге сақтайық»
республикалық акциясы өтті. Іс-шараны Мә-
дениет және ақпарат министрлігінің қолда-
уымен Азаматтық бастамаларды қолдау ор-
талығы мен Қазақстанның Азаматтық Альянсы
ұйымдастырды.

«Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында қатысушы-
лар көл маңындағы аумақты тазартты.
Акция табиғи және тарихи-мәдени мұраны сақтауға,

табиғатқа ұқыпты қарауға және вандализмнің алдын алуға
бағытталды.

Іс-шараға волонтерлер, экология бағытындағы инфлю-
енсерлер, азаматтық қоғам өкілдері мен MADENI MURA
клубының мүшелері қатысты. Сондай-ақ бастамаға Бурабай
ауданындағы «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары мен «Жа-
сыл ел» республикалық штабының өкілдері қосылды.

Мұндай бастама табиғат пен тарихи мұраны сақтауға
қоғамды жұмылдырып, ұлттық құндылықтарға жанашыр-
лықпен қарауға ықпал етеді.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТҰЛҒА

ҰЛТ ҰСТАЗЫ

Ахмет Байтұрсынұлының тарихи тұлғасын түсіну – белгілі
бір адамның өмірбаянын зерделеу ғана емес. Бұл – XX
ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік, мә-
дени және рухани ахуалын түсінудің маңызды жолдарының бірі.
Өйткені оның шығармашылық және қоғамдық қызметі сол дәуір-
дегі қазақ халқының ұлттық мүддесімен тікелей сабақтас болды.

Халықтың сауатын ашу, ана тілінде
білім беру, ұлттық баспасөзді дамыту,
қазақ тілінің ғылыми негіздерін қалып-
тастыру, халықтың саяси санасын кө-
теру мәселелері Ахмет Байтұрсынұлы
қызметінің өзегін құрады. Оның еңбек-
тері арқылы қазақ тілі ғылыми зерттеу
нысанына айналып, ұлттық мектептің
мазмұны қалыптаса бастады.

Ахмет Байтұрсынұлының тарихи
мұрасын бағалағанда оның ағартушы,
ғалым, ақын, аудармашы, публицист
және мемлекет қайраткері ретіндегі
қызметін бір-бірінен бөліп қарастыруға
болмайды. Бұл бағыттардың барлығы
бір мақсатқа – қазақ халқының рухани
жаңғыруына, білімді әрі саналы ұлт
қалыптастыруға бағытталды.
Ахмет Байтұрсынұлы осы тарихи

кезенде мұғалім ретінде қалыптасып,
білім берудің ұлттық мазмұнына ерек-
ше мән берді. Оның педагогикалық
қызметі кейіннен оқулықтар жазуы-
на, тіл мәселелерін ғылыми тұрғыдан
жүйелеуіне және қазақ мектебінің оқу
әдістемесін жетілдіруіне негіз болды.
Ол үшін білім – халықтың болашағын
айқындайтын негізгі күш еді. Ғалым-
ның шығармаларында қараңғылықтан
арылудың, халықтың өз болашағын өзі
қалыптастыруының жолы ретінде оқу
мен ғылымның маңызы кеңінен көрініс
тапты.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ
ғылымындағы ең үлкен жетістіктерінің
бірі – қазақ тіл білімінің ғылыми негіз-
дерін қалыптастыруы. Ол қазақ тілінің
грамматикалық құрылымын жүйелеп,



Ақкөркем МҰХАНБЕТҚЫЗЫ,
Ақтөбе қаласы №2 соты
сот әкімшісінің орынбасары

тіл біліміндегі көптеген ұғымдарға қа-
зақша ғылыми атаулар қалыптастыр-
ды. Оның «Тіл – құрал» еңбегі қазақ
тілін ғылыми тұрғыдан танып-білуге
арналған алғашқы іргелі оқу құралда-
рының бірі болды. Ғалым қазақ тілінің
дыбыстық жүйесін, сөз құрамын және

СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫНЫҢ
ЖАБЫЛҒАНЫНА – 35 ЖЫЛ

Ядролық сынақ адамзат баласына аз қасірет өкелген
жоқ. Семей өңіріндегі сынақтардан көптеген ауылдас,
жерлестеріміз, үлкен-кіші денсаулықтарынан айырылып,
кемтар балалар өмірге келгенін, талай тұрғын радиация
салдарынан жастайынан қыршын көткенін деректер мен
бүгінгі тарих дәлелдеуде.


СЫНАҚТАР САЛҒАН ҚАСІРЕТ

Қасіретті удың қазақ даласында сыналуы кеңестік биліктің жымысқы сая-
сатынының бірі еді. Кең даладағы Сарыарқаның қасіретті топырағын улап,
малын аздырды, елін тоздырды. Тәуелсіздік қана бұл зауалдың тамырына
балта шауып, Олжас, Мұхтар секілді қайталанбас қайраткерлердің табанды
күресінің арқасында ядролық сынақ тоқтады. Қолдан жасалған зауал қалпына
келтіріліп, жергілікті халық денсаулығы қадағаланды. Қазір күнтізбе бетінде
29 тамыз – Семей ядролық сынақ полигонының жабылған күні ретінде атала-
ды. Ал ол қасіретті сынақтың жабылғанына биыл 35 жыл (1991). Қазақстан
ядролық қарусыздану жолында батыл қадам жасап, әлемдік қауіпсіздікке
үлес қосқан тарихи шешім. Полигонның жабылуы қазақ халқының ұзақ жыл-
дар бойғы қасіретіне нүкте қойып, жаһандық бейбітшілікке бағытталған жаңа
кезеңнің басталуы болды.

Семей полигоны – КСРО ядролық сынақ полигондарының ішіндегі ең ірі
әрі аса маңызды стратегиялық объектінің бірі болып саналды. КСРО Семей-
ден бұл сынақ полигоны үшін арнайы 18 млн га жер бөліп, Семей ядролық
полигонын ашқан. Бастапқыда адамдарға, жануарлар мен табиғатқа тікелей
зардабын тигізген ашық сынақтар жасалды. Сосын оларды жер астына жасай
бастады. Атом бомбаларының жарылыстары сұмдық ауыр болды. Семей
маңындағы радиациялық әсер аймағында тұратын 500 мыңдай адам осы
сынақтың азабын шекті, денсаулығынан сол кезде айырылған көпшілік әлі
күнге дейін соның сарқыншақ зардабын тартып отыр. Википедиялық дерек-
тер «Семей ядролық полигонындағы сынақтардың жалпы саны 456 ядролық
және термоядролық жарылысты құрағанын, олардың 116-сы ашық болғанын,
яғни жер бетіндегі немесе әуе кеңістігінде жасалғанын жазды. Семей поли-
гонында әуеде және жер бетінде сынақтан өткізілген ядролық зарядтардың
жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан
2,5 мың есе көп десті деректер. «1949 жылғы 29 тамызда түп-тура таңғы сағат
жетіде көз ілеспес жылдамдықпен ұлғайып бара жатқан отты доп кенеттен
Жер денесіне қадалып, оны шарпып өтіп, аспанға көтерілген. Отты шардан
соң, сұрапыл қуат пен көз қарыстырар сәуле бас айналдырып жібергендей
бір сәтте жер қабығының ыстық күлі мен иісі көкке тараған. Жер лыпасының
өртең иісі қолқа атар түтіннің ащы иісін қолдан жасалған жел әп-сәтте жан-
жаққа таратты. Таяу жерлердегі сирек ауылдарда тұратын адамдар дір ете
түскен жер мен жарты аспанды алып кеткен от-жалынға таңырқап, үйлерінен
қарап тұрған. Жалғыз түп шөп қалмаған, түтігіп қарайып кеткен даланың түл
жамылғысы дерсіз. Жан-тәсілім алдында жанталасқан тышқандардың, қар-
сақтардың, кесірткелердің өлі денесі де осы Семей жерінен табылған».

Бүгінгі таңда жас ғалымдар мен бас ғалымдар бұл мәліметтердің бәрін
растайды. Қарапайым көпшілік қасіреті ауыр өткен тарихқа құрметпен қар-
райды. Өйткені ауасы ластанған өңірде жергілікті халық әлі де өмір сүріп
жатыр, сүре де береді. «Елу жылда ел жаңа» десек те, медициналық мүмкін-
діктер кей кездері шындығында науқастардың емін бірден емдеп жіберуге
құлықсыз. Әсіресе ол ядролық сынақтан қалған із, сызат болса. Енді қазақ
даласы ешқашан мұндай эксперимент алаңына айналмасын!

Нұрберді ТАЛАСБЕКҰЛЫ,
10-сынып оқушысы
АЯГӨЗ ҚАЛАСЫ
АБАЙ ОБЛЫСЫ



сөйлем құрылысын жүйелі түрде түсін-
діруге тырысты.

Ахмет Байтұрсынұлының бүкіл
қоғамдық қызметінің өзегінде ағар-
тушылық идея тұрды. Ол халықтың
болашағын біліммен байланыстырды.
Оның пікірінше, елдің өркениетті да-
муы үшін ең алдымен сауатты, білімді,
өз ана тілін менгерген ұрпақ қалыпта-
суы қажет.

Ғалым қазақ балаларына арналған
оқу құралдарын жазып, оқу процесінің
мазмұнын ұлттық ерекшелікке бейім-
деуге тырысты. Оның «Әліпби», «Оқу
құралы», «Тіл – құрал» сияқты еңбек-
тері қазақ мектептеріндегі оқу-ағарту
ісінің дамуына үлкен ықпал етті.

Ахмет Байтұрсынұлының педаго-
гикалық көзқарастарында оқушының
білімді механикалық түрде жаттап
алуы емес, оның ойлау қабілетін дамы-
ту мәселесі маңызды орын алды. Бұл
тұрғыдан оның әдістемелік еңбектері
сол кезең үшін аса прогрессивті сипат-
та болды.

Ахмет Байтұрсынұлының «ұлтты
сақтау» идеясы ең алдымен тіл мен
білімді сақтаумен байланысты болды.
Оның еңбектерін зерттеу арқылы қазақ
тілінің ғылыми жүйесінің қалыптасу
тарихын терең түсінуге болады.

Қазіргі таңда ақпараттық техноло-
гиялар мен жаһандану үдерісі қоғам-
ның барлық саласына әсер етуде. Мұн-

дай жағдайда ұлттық мәдениетті сақтау
мәселесі бұрынғыдан да маңызды бола
түседі. Бұл тұрғыдан алғанда, Ахмет
Байтұрсынұлының ана тілін дамытуға,
білімді ұлт қалыптастыруға және ұлт-
тық мәдениетті сақтауға бағытталған
идеялары өзекті болып қала береді.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ
халқының рухани тарихында ерекше
із қалдырған бірегей тұлға. Оның есімі
қазақ тіл білімінің қалыптасуымен, ұлт-
тық жазудың дамуымен, ағартушылық
қозғалыспен, ұлттық баспасөзбен және
Алаш қозғалысымен тығыз байла-
нысты.

Ол қазақ тілін ғылыми тұрғыдан
жүйелеп, ұлттық терминологияның не-
гізін қалады. Оқу құралдарын жазып,
қазақ мектебінің қалыптасуына үлес
қосты. Әдеби шығармалары арқылы
халықты білімге, еңбекке, мәдениетке
және елдік санаға үндеді. «Қазақ» га-
зеті арқылы қоғамдық ойдың дамуына
ықпал етті. Алаш қозғалысы кезеңінде
ұлттық мүддені қорғауға атсалысты.

Ахмет Байтұрсынұлының өмір
жолы – халқына адал қызмет етудің,
ғылым мен білімді ұлттық дамудың не-
гізгі тетігі ретінде бағалаудың жарқын
үлгісі. Оның мұрасы – бір тарихи ке-
зеңнің ғана құндылығы емес. Бұл – қа-
зақ халқының тілін, мәдениетін, білімін
және ұлттық санасын дамытуға бағыт-
талған ұзақ мерзімді рухани мұра.

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

ОҢАЙЛАТЫЛҒАН РӘСІМ АЗАМАТТАРҒА ЫҢҒАЙЛЫ

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қолданысқа енгізілді. Осы кодекс аясында азаматтарға басқарушылық шешімдерді қабылдау процесіне қатысуға мүмкіндік берілді.

Азаматтар жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде өз құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері оңтайландырылды.

Кодекстің 12-тарауында Оңайлатылған әкімшілік рәсімдердің жүзеге асыру тәртібі көзделген. Хабарламаларды, ұсыныстарды, үн қосударды және сұрау салуларды қарау оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органға, жергілікті өзін-өзі басқару органына, мемлекеттік заңды тұлғаға, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаға және олардың лауазымды адамдарына хабарлама, ұсыныс, үн қосу немесе сұрау салу жіберген тұлға арыз иесі деп түсініледі.

Қайталама хабарламаларда, ұсыныстарда, үн қосударда, сұрау салуларда жаңа дәлелдер немесе жаңадан ашылған мән-жайлар келтірілмесе, ал алдыңғы хабарламаның, ұсыныстың, үн қосудың, сұрау салудың материалдарында тексерудің қажетті материалдары болса және арыз иесіне бел-

гіленген тәртіппен жауаптар берілсе; хабарламаның, ұсыныстың, үн қосудың, сұрау салудың авторын анықтау мүмкін болмаса, арыз иесінің қолтаңбасы, оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбасы, пошталық мекенжайы болмаса, оларда дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық не мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке төнген қатер туралы және олардың құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдарға дереу жолдануға жататын мәліметтер қамтылған жағдайларды қоспағанда; хабарламада, ұсыныста, үн қосуда, сұрау салуда мәселенің мәні баяндалмаса; арыз иесінен хабарды, ұсынысты, үн қосуды немесе сұрау салуды кері қайтарып алу қабылданса, оңайлатылған әкімшілік рәсім тоқтатылуға тиіс.

Оңайлатылған әкімшілік рәсімді тоқтату туралы шешімге осы кодексте белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Әкімшілік істі оңайлатылған әкімшілік рәсімде қарау қорытындылары бойынша – жауап, оның ішінде хабардың, ұсыныстың, үн қосудың, сұрау

салудың мәні бойынша ақпарат беру; назарға алу; оңайлатылған әкімшілік рәсімді тоқтату туралы шешімдердің бірі шығарылады.

Хабарға, ұсынысқа, үн қосуға, сұрау салуға жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде мазмұны бойынша негізделген және уәжделген болуға, оның қабылданған шешімге шағым беру құқықтары түсіндіріле отырып, арыз иесінің дәлелдерін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты фактілерді қамтуға тиіс.

Хабарды, ұсынысты, үн қосуды, сұрау салуды қарайтын субъектілер және лауазымды адамдар арыз иесіне әкімшілік істі қараудың нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы хабар береді. Бұл ретте, егер ұсыныста осы кодекстің 90-2-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген мәселелер қозғалса, мұндай ұсынысты қарайтын субъект оған жауап бермей назарға алуы мүмкін. Бұл ретте арыз иесі бұл туралы хабардар етілуге тиіс.

А.ШАРХАНОВ,
Түркістан облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының
судьясы

ПӘРМЕН

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты заң қабылданып, әйелдер мен балалардың құқығын қорғау жауаптылығы артты десек те, қоғамда әйелдерге деген қысақтық азаймай тұр. Оған күнделікті соққыға жығылып немесе тұрмыстағы қысымның салдарынан өз-өзіне қол жұмсап, бұл пәніммен қоштасып жатқандар дәлел.



Естеріңізде болса, ҚР Қылмыстық кодексінің үш бабы бойынша сараланып жатқан Нұрай Серікбайдың ісіне Ұлттық Құрылтайда ел Президентінің өзі үлкен алаңдаушылық танытып, пікір білдірген болатын. Қазір ол іс Қылмыстық кодекстің 99-бабы, 2-бөлімі, 5-тармағымен – аса қатыгездікпен жасалған кісі өлтіру; Қылмыстық кодекстің 125-1-бабы – неке қиюға мәжбүрлеу; Қылмыстық кодекстің 115-1-бабы – сталкинг реті бойынша сотта қаралуда.

Одан бөлек, Жамбыл облысы Меркі ауылында өз-өзіне қол жұмсап қайтыс болған 19 жастағы Мадина Рашидқызының (Авезова) жұмбақ өлімі де қоғамда үлкен резонанс тудырды. Артында 8 айлық сәбни қалған жас келіншектің өліміне қатысты Қылмыстық кодекстің «Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу» бабымен қылмыстық іс қозғалған. Әлеуметтік желілерде оны күйеуі «Барни» бисквиті үшін ұрғаны айтылады.

Бұдан бөлек, осы бір айдың көлемінде ғана орын алған қылмыс Жамбыл облысында құқық қорғау органдары жүктілігінің соңғы кезеңіндегі 18 жастағы қызға жасалған қатыгездік фактісін тергеп жатыр. Дерек бойынша, ер адамның әйеліне ашулануына оның үйден рұқсатсыз шығып кетуі себеп болған. Ер адам жүкті әйелін күштеп көлікке отырғызып, зират жаққа алып барған. Жол бойы оның басынан ұрған. Зират аумағында ер адам жұбайының телефонын тартып алып, пышақпен қорқытқан, қылқындырып, бетінен ұрып-соққан. Алған жарақаты

мен қорқынышынан әйел адамның сол жерде толғағы басталып, суы кеткен. Алайда ер адам мұнымен тоқтамай, оны бір сағаттан астам уақыт бойы ұстап отырған. Қазіргі уақытта күдікті ұсталып, полиция бөліміне жеткізілді. «Ұрып-соғу фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалды. Күдікті анықталып, полицияға жеткізілді. Болған оқиғаның барлық мән-жайы анықталып жатыр. Тергеу барысы Жамбыл облысы Полиция департаменті басшылығының бақылауында», – делінеді полицияның баспасөз қызметі.

Міне, санамайай берсек, мұндай зорлық-зомбылық істердің саны сан мыңдап кездесуде. Бұл нені білдіреді? Кесімді тұжырым болмаса да, бұл – заң қалай қатандатылса да, зорлықшы адамның қорлығы мен қиянатының тоқтамайтынын көрсетеді. Ендеше, оның алдын алу, оған тосқауыл қою ең бірінші сондай ожардың құрбаны болған адамның ерік жігерінде. Қазақы менталитет әрине, әйел адамға көбіне ер азаматына қарсы шықпауға, отбасы берекесін немесе отбасы іргесін қандай жағдай болса да сақтауға тырысу керек екендігіне үйретіп, сіңіріп тастаған.

Психологтар бұл ретте, отбасындағы ұл баланың тәрбиесіндегі ұстанымдардың бұзылғандығын, қазіргі ата-ана ер баласына анаға, қарындасқа, қызға, жарға құрмет дегеннің не екенін үйретпейтінін, ұлын тек лидерсің, көшбасшысың, бәрінен артықсың, бәрі саған иілу керек деген кері тәрбиемен өктемдік пен катігездікке

баулып жатқандықтарын айтады. Ал, бұның соңы қандай қиындықтар мен бақытсыздықтарға әкеліп жатқанын көз көріп отыр. Қазір баяғы «бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» деген мәтелдің заманы өтті.

ҚР Бас прокуратурасы әрқашан тұрмыстық зорлықты айыптап, азаматтарға ондай құқықбұзушылықтарға бой алдырмау керектігін ескертуде. Күштік құрылымның соңғы мәлімдемесі де осыған саяды. Енді алдағы уақытта әйелі ашумен полиция шақырып, артынан кешірім беріп татуласа салуға болмайды.

Құзырлы органның пәрменінде, енді татуласу ешқандай жауаптылықтан босатпайды. Мәселен, жақында Бас прокуратура тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты сот шешіміне наразылық білдірді.

Онда ер адам жұбайының денсаулығына жеңіл зиян келтірген. Кейін онымен татуласуына байланысты ол қылмыстық жауаптылықтан босатылған. Алайда ол тиісті қорытынды жасамай, арада көп уақыт өтпей қайтадан әйеліне қол көтерген. Екінші рет те олардың татуласуына байланысты қылмыстық іс тоқтатылған.

Прокуратура соңғы әрекетте мұнымен келіспеді. Кассациялық наразылық бойынша сот актісі жойылып, іс оны қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін жаңа сот қарауына жіберілді.

Бұл жалғыз жағдай емес. Бас прокуратура тарапынан бұрын татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамдардың дәл сол негізде қайтадан жауаптылықтан босатылған тағы үш сот актісіне наразылық келтірілді.

Енді заң мұндай жолмен қайтадан жауаптылықтан құтылуға мүмкіндік бермейді. Заң қорғауды қажет ететін адамды қорғауы тиіс. Прокуратура оның бұлжымай орындалуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Прокуратура сайтындағы бұл мәлімет алдағы уақытта зорлықшылар жасадан онай құтылмайтынын дәлелдейді. Енді зорлыққа ұшырап, бақытсыздыққа душар болған кез келген қарақөздің мүддесі құзырлы органмен қорғалады. Жәбірлену қорлаушы заң бойынша тиісті жауапкершілікке тартылады. Сондықтан қыз-келіншектер жасып, қорқып өзін құрбан жасамауы тиіс.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

БАҒДАР

Мектептерде жаңа міндетті пәндер енгізіледі. Енді оқушылар Конституция мен жеке қауіпсіздік негіздерін оқиды. Жаңа оқу жылынан бастап қазақстандық мектептерде «Конституция негіздері», «Заң мен тәртіп» және «Жеке қауіпсіздік» міндетті курстары оқытылады. Сонымен қатар бастауыш сыныптардағы математика мен тілдік пәндердің мазмұны жаңартылып, мектептерге жасанды интеллект көзең-көзеңімен енгізіле бастайды.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА НЕ ӨЗГЕРЕДІ?



Оқушылар Конституция мен заң негіздерін оқиды

5-7 сынып оқушылары үшін «Конституция негіздері» пәні енгізіледі. Сабакта оқушылар Қазақстанның конституциялық құрылысы, азаматтардың құқықтары мен міндеттері, мемлекеттік басқару қағидаттары және құқықтық мәдениет негіздері туралы жүйелі білім алады. Ал 8-11 сыныптарда «Заң мен тәртіп» міндетті курсы оқытылады. Оның негізгі мақсаты – оқушылардың құқықтық санасын нығайту, құқық бұзушылықтың алдын алу, заң талаптарын құрметтеу мәдениетін қалыптастыру және азаматтық жауапкершілігін арттыру. Бұдан бөлек, 5-11 сынып оқушылары «Жеке қауіпсіздік» міндетті курсын оқиды. Пән аясында балаларға өмір қауіпсіздігі, ақпараттық қауіпсіздік пен кибергигиена, төтенше жағдай кезіндегі іс-қимыл және түрлі қауіптердің алдын алу бойынша практикалық дағдылар беріледі. Жаңартылған тәрбие жұмысына «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасының құндылықтары, «Заң мен тәртіп» қағидаты, «Таза Қазақстан» жалпыхұлттық бастамасы және жаңа Конституцияның негізгі идеялары мен құндылықтары енгізіледі.

Бастауыш сыныптағы оқу мазмұны жаңартылады

Бастауыш білім беру бағдарламасына да бірқатар өзгеріс енгізіледі. 1-4 сыныптарға арналған «Математика» пәніндегі 244 оқу мақсаты қайта қаралды. Соның нәтижесінде күрделі тақырыптардың үштен біріне жуығы жеңілдетіліп, оқушылардың жас ерекшелігіне сай келмейтін материалдардың шамамен 14 пайызы бағдарламадан алынып тасталды немесе жоғары сыныптарға ауыстырылды. Бірінші сынып оқушылары үшін оқу жылының алғашқы кезеңінде мектепке бейімделуге арналған арнайы уақыт қарастырылады. Тілдік пәндер бағдарламасы да жаңарады. Өліппеге дейінгі кезең 12 сағатқа дейін ұзартылып, «Өліппені» оқытуға 84 сағат бөлінеді. Ал «Ана тілі» пәні бірінші сыныптың екінші жартыжылдығында оқытылады.

Қазақ тілінде білім алуды алғаш бастаған балаларға арнайы тілдік бейімдеу бағдарламасын енгізу жоспарланған. Бағдарламамен қамту көрсеткішін 2026 жылы 50 пайызға, 2027 жылы 80 пайызға, ал 2028 жылы толық 100 пайызға жеткізу көзделіп отыр.

Оқулықтарды жаңарту жалғасады

Мектеп оқулықтары да біртіндеп жаңартылады. 2026 жылғы 30 тамызға дейін 3-сынып оқушыларына арналған «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Математика», «Дүниетану», «Әдебиеттік оқу» және «Музыка» пәндерінің, сондай-ақ 7-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінің оқулықтарын сатып алу жоспарланған. Оқулықтарды іріктеу Etandau.gov.kz электрондық платформа-сында жүргізілді. Таңдау қорытындысы бойынша жергілікті атқарушы органдар қажетті оқулықтарға өтінім әзірлеп, оларды баспаларға жолдаған. Сонымен бірге өңірлердегі оқушы санының артуы мен мектеп кітапханаларының қорын толықтыру қажеттілігі назарға алынып, басқа сыныптарға арналған оқулықтарды қосымша сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Оқулықтарды жаңартудың келесі кезеңінде 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін 4 және 9-сыныптарға, ал 1 сәуірге дейін 8-сыныптарға арналған оқулықтарды жаңарту көзделген.

Мектептерге AI енгізіледі

Білім беру процесіне жасанды интеллект (AI) технологияларын енгізуге бағытталған жоспардың жобасы әзірленді. Құжатта мектептердің цифрлық және инфрақұрылымдық мүмкіндіктерін жетілдіру, педагогтерді даярлау және оқу процесінде AI шешімдерін пайдалану қарастырылған. Жобаға қатысуға дайын 500 мектептің тізімі жасакталған. Оның 250-і – шағын жинақты, 150-і – жалпы білім беретін мектеп, ал 100-і – «Келешек мектептері». Қазіргі уақытта аталған білім беру ұйымдарының цифрлық инфрақұрылымы, жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімділігі, компьютерлік техникамен жабдықталуы, кадрлық әлеуеті және AI шешімдерін қолдануға дайындығы сараланған. Министрліктің мәліметінше, бүгінде 350 мыңнан астам педагог жасанды интеллектті оқу процесінде тиімді пайдалану бойынша арнайы даярлықтан өткен. Сондай-ақ 100 мың педагогқа OpenAI компаниясының GPT-4edu платформасын пайдалану үшін лицензия берілген. Жаз мезгілінде жобаға қатысқан мектептердің мұғалімдерін цифрлық педагогика, заманауи оқыту әдістемелері және AI құралдарын сабақ барысында практикалық қолдану бойынша кезең-кезеңімен даярлау жоспарланып отыр.

Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес мүшесі Қай-Фу Лидің ұсынымдары ескеріліп, білім беру процесіне AI шешімдерін енгізуге арналған жеке жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Жобаның алғашқы кезеңі 2026 жылғы 1 қыркүйек пен 26 қазан аралығында өтеді. Осы уақытта қазақ және орыс тілдерінде білім беретін 10 шағын жинақты мектепте AI шешімдері сынақтан өтеді. Жоба Қызылорда және Павлодар облыстарында жүзеге асырылады. Апробация 4-сыныптарда «Ана тілі», «Математика», «Цифрлық сауаттылық» және «Жасанды интеллект» пәндері бойынша жүргізіледі. Екінші кезең 2026 жылғы 3 қараша мен 23 желтоқсан аралығына жоспарланған. Бұл уақытта жоба 50 мектепке дейін кеңейтіледі. Үшінші кезең 2027 жылғы 8 қаңтардан 24 мамырға дейін жалғасып, оған қосымша 300 мектепті қамту көзделіп отыр. Сонымен қатар оқыту процесін әр оқушының қажеттілігіне қарай бейімдеуге мүмкіндік беретін ұлттық AI-білім беру платформасын енгізу жоспарланған.

Платформа оқушының білім деңгейіне сәйкес тапсырмалар әзірлеуге, оқу нәтижелерін нақты уақыт режимінде талдауға және білімдегі олқылықтарды дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»



ПАЙЫМ

Сапалы жұмыс сенімді нығайтады

Сот билігінің қоғамдағы орны ерекше. Сот билігі – әділдік пен заңдылықты қамтамасыз ететін, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын мемлекеттік биліктің маңызды тармағы.

Қазақстан Республикасында сот билігі Конституция мен заңдардың не-

гізінде жүзеге асырылады. Соттардың негізгі міндеті – азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау, құқықтық дауларды заңға сәйкес шешу және қоғамдағы әділеттілікті қамтамасыз ету. Сот шешімдерінің заңдылығы мен негізділігі мемлекетке деген азаматтардың сенімін қалып-

тастыратын маңызды фактор болып табылады. Бұл мемлекеттік органдардың өз өкілеттіктерін заң шеңберінде жүзеге асыруына және азаматтардың құқықтарының бұзылуына жол бермеуге ықпал етеді.

Сот билігінің беделін арттыру, сот төрелігінің сапасын жетілдіру және азаматтардың сотқа деген сенімін қалыптастыру – құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды міндет.

Мирас ҒАБДОЛЛА, Көкшетау қаласы мамандандырылған тергеу сотының бас маманы - сот отырысының хатшысы



ЖЕГІҚҰРТ

Ортақ міндет

Сыбайлас жемқорлық қоғамның дамуына кедергі келтіретін мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына кері әсер ететін күрделі мәселе. Ол мемлекеттің басқару жүйесіне деген халықтың сенімін төмендетіп, заңның үстемдігіне нұқсан келтіреді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтын алдын алу және оған қарсы күрес – мемлекетпен қатар, әрбір азаматтың ортақ міндеті.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытында бірқатар маңызды шаралар жүзеге асырылуда. Заңнамалық негіз қалыптастырылып, мемлекеттік органдардың қызметінде ашықтық пен есептілікті арттыруға көңіл бөлініп келеді. Сонымен қатар құқық бұзушылықтардың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін күшейту және қоғамда адалдық қағидаттарын қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің ең тиімді жолдарының

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Қызылөзен ауылының ерікті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жасағы» қоғамдық бірлестігі (БСН 250140019183)) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Қызылөзен ауылы, Сисенбаева көшесі, №2, тел. 7 702 995 3993.

3. «Alash-7» ЖШС (БСН 241140015409) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 169-ғимарат.

4. «Тәжік-Ауған ардагері» ЖШС (БСН 211140036911) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, 4 шағынауданы, 6-ғимарат.

6. «Запад Бетон» ЖШС (БСН 221140055926)) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Астана ауданы, Әлия Молдағұлова даңғылы, 64-үй, 2-корпус, 16-пәтер.

8. «F.K.Intertrade» ЖШС (БСН 201040008237) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Z10D9K3, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, ЖМ Өндіріс, Текелі қиылысы, 3/1-ғимарат. Тел. +7 707 020 22 55.

9. «22:59» ЖШС (БСН 201240016097 өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 050051, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 192-үй, тел. +7 701 206 80 04.

11. «Euro Housing Управляющая компания» ЖШС (БСН 170740001968), мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Амангелді көшесі, 59А, таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Сейфуллин көшесі, 597а, 207-көңсе. Тел. +77057781029.

12. «Алғабас Агрифуд» ЖШС (БСН 140540025813) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Алматы ауданы, Қошқарбаев көшесі, 34, 128-көңсе, тел. +7 747 8481753.

13. «PR Hotel» ЖШС (БСН 240840008240) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Өуезов ауданы, Мамыр-4 ықшамауданы, 165-ғимарат. Тел. +7 771 558 1072.

14. «АВЕНТУМ» ЖШС (БСН 260140018404) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қала-

сы, Алатау ауданы, Ұлжан-1 ықшамауданы, Такежанов көшесі, 68-үй. Тел. +77017429195.

15. «М.Жұмабаев ауданы, Луговая көшесі, 34 үй» МИБ (БСН 251240026083) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: СҚО, М.Жұмабаев ауданы, Булаево қаласы, Луговая көшесі, 34-үй, 40-пәтер, тел. 87781054571.

ӘРТҰРЛ

5. «Болашақ-М» ЖШС (БСН 040740009293) қатысушыларына кезектен тыс жалпы жиналыс өткізу туралы ХАБАРЛАМА
«Болашақ-М» ЖШС өз қатысушыларына қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысы 2026 жылғы 26 қыркүйекте сағат 11:00-де ҚР, Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Баймырза ауылында орналасқан Мәдениет үйінде өтетінін хабарлайды.

КҮН ТӨРТБІ:

1. 2026 жылғы дивидендтерді төлеу, «Болашақ-М» ЖШС қатысушылары алдындағы берешекті өтеу туралы;
2. Техника сатып алу туралы;
3. Қаржыландыру тарту туралы;
4. Инвестор тарту туралы.

10. «Ломбард «НАЯТ CAPITAL» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды.
Сауда-саттық 04.09.2026 жылғы сағат 12:00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3-үй, 201-көңсе мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:
№ 1-лот: Subaru Forester маркалы автокөлік, 1997 ж.ш., мемлекеттік тіркеу нөмірі 716BMQ02, VIN: SF5008279, қозғалтқыш көлемі – 2,0 л, түсі – ақ, бастапқы бағасы –1 931 998 теңге;
№ 2-лот: BMW X3 маркалы автокөлік, 2013 ж.ш., мемлекеттік тіркеу нөмірі 722AYD02, VIN: 5UXWX9C55E0D15435, қозғалтқыш көлемі – 2,0 л, түсі – көк, бастапқы бағасы – 6 158 570 теңге
Аталған мүлік Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3-үй, 201-көңсе.
Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді үш күн ішінде «Ломбард «НАЯТ CAPITAL» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс.
Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Порт-Артурская көшесі, 22-үй, анықтама телефоны: +7 707 283 80 28, төлем реквизиттері: ИИК KZ58722S000003993258, «Kaspi Bank» АҚ, БИК CASPKZKA.

МҰРАГЕРЛІК

7. 03.03.2026 жылы қайтыс болған Бекей Қойшыбай Жүсіпұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Г.Д.Палымбетоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С.Сейфуллин көшесі, нөмерсіз. Тел. 8 702 819 64 73.



ҚЫЖЫЛ

Көлікті масаң күйде жүргізетіндер азаяр емес

І Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабында көлік құралдарын масаң күйде басқарған жүргізушілерге қандай шара қолданылатыны дәйектелген.

Көлік тізгінін масаң күйде басқару қылмыспен пара-пар құқықбұзушылық десек, асыра айтқандық болмас. Өйткені, мұның салдары материалдық шығындардан бөлек, адам өмірін қию, мүгедек ету секілді орны толмас ауыр өкінішке ұласуы мүмкін. Осы себепті де көлікті масаң күйде басқарғандарға қолданылатын жаза қатаң. Мәселен, көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқарғандар жоғарыда аталған баптың 1-тармағына сай 15 (он бес) тәулікке әкімшілік қамаққа алынып және жеті жылға көлік тізгінін ұстау құқығынан айырылады. Ал, масаң күйде көлікті жүргізгенімен қоймай, апаттық жағдай туғызғандар 20 (жиырма) тәулікке әкімшілік қамаққа алынып, жеті жылға дейін көлік құралын басқара алмайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабы 3-тармағына сай, жол апатына себеп болған жүргізушілерге бес жылға дейін көлік басқаруға қатаң тыйым салынады. Сондай-ақ, осы бапта көрсетілген құқықбұзушылықтар бір жыл ішінде қайталанса, ондай жүргізушілер он бес тәулікке әкімшілік қамаққа алы-

нып, көлік басқару құқығынан алты жылға айырылады. Ал құқық бұзушы осы баптың төртінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталаса, отыз тәулікке әкімшілік қамаққа алынып, он жылға дейін темір тұлпар тізгінін ұстауына заңмен тыйым салынады.

Мақат аудандық сотында 2026 жылдың 6 айында әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабымен 16 адамға қатысты іс қаралған. Оның ішінде осы баптың 1-бөлігіне сай он жүргізуші 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алынып және жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылған. Ал қалған алты әкімшілік істе 608-баптың 6-бөлігімен құқық бұзушылар жиырма тәулікке әкімшілік қамаққа алынған.

Алайда жазаның қатаңдығына қарамастан, көлікті масаң күйде жүргізетін жүргізушілер азаяр емес.

Ж.КЕҢЕСОВА,
Мақат аудандық соты әкімшісінің сот отырысының бас маманы
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

16.Жетісу облысының Ескелді аудандық сотында Жетісу облысы, Шымыр ауылы, Байысов көшесі, №53 үйде тұратын Тагирова Хадиджа Ғабитқызының өтініші бойынша 1975 жылы 3 ақпанда туған Тагирова Надира Қалияқбаровнаны хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы азаматтық іс қозғалуына байланысты, ол туралы қандай да бір мәліметі бар барлық азаматтардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде бұл мәліметтерді Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Балпық би көшесі, 110-үй мекенжайындағы Жетісу облысының Ескелді аудандық сотына немесе 8-708-378-39-78 телефоны арқылы хабарлауды сұраймыз.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуарыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абай хан даңғылы, 60, 509-көңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолықын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-көңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 - қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтішева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-кабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

БАЙҚАУҒА!

Мамыр айының 25-і. Абылай бүгін қызы Ерке-наздың тоғызыншы сыныпты бітіру салтанатына қатыспақшы. Өзінің балалық шағы есіне түсті, кезінде әке-шеше мұғалімге деген сыйластықты баласының бойына дарытып, мұғалім мақтаса мадақтап, жамандаса ұрысып беретін. Мұғалімнің айтқаны – заң болатын. Себебі, мұғалім оқу мен жазуды, қоғамдық ортада өзінді қалай ұстауды үйрететін. Өмірдегі алғашқы жетістіктеріміздің куәсі де солар. Ал қазір ше... Оның ойын қызының дауысы бөлді.

- Әке! Уақыт болды. Үлгермей қалармыз, шығайық...
- А-а-аһа... Кеттік...
- Осы кезде оның ұялы телефоны шыр ете қалды.
- Иә... Полковник Абылай Қайсенов тындап тұр.
- Полковник мырза! Сізді департамент бастығы шұғыл шақыртып жатыр.
- Түсінікті, қазір боламын!
- Сәлден соң Еркеназ анасы Айшамен бірге мектепке, Абылай болса полиция департаментіне қарай бағыт алды.

Департамент бастығы генерал Рахымжан Әбуов бұл кірісімен тез-тез сөйлеп мән-жаймен таныстыра отырып, тапсырма берді.

- Осында бір мектепте мұғалім асылып өліпті. Сол жаққа барғандардың айтуынша мұғалімге қысым жасалған сияқты. Дәптерге «Мен шаршадым, мені қорғайтын ешкім жоқ. Әділетсіздіктен шаршадым, ата-аналардан да, оқушылардан да шаршадым», – деп жазыпты дейді. Сол жерге тез жет...

...Ол оқиға болған мектептің табалдырығынан аттағаннан-ақ мұндағы мұғалімдер мен қызметкерлердің өндері қаша, кіреберіс фозде жиналып тұрғанын аңғарды. Кіріп келе жатқан бұған барлығы да үрпіісе қарайды. Сірә, мұны күтіп жүрсе керек, алдынан шыққан қалалық полиция басқармасының бастығы мен тергеушісі болған жайды баяндады. Абылай олардың «Істі департамент өздеріне алса жақсы болар еді, мына бір жұмыстан құтылатын» деген ойын сезді. Сосын сөзді созбұйдаға салмай қысқа қайырды.

- Іс – Сіздердікі. Біріккен жедел тергеу тобы құрылады. Бұйрық дайындалады. Ал, енді маған мәйіт жатқан жерді көрсетіңіздер. Мектеп басшылары кетіп қалмасын, криминалистер келді ме?
- Иә. Олар сол жерде. Мектеп басшылығына ескертілген.
- Мәйітті бірінші көрген кім? Асулы тұрған жерінен шешіп алушы кім?
- Мұғалімнің асылып тұрғанын бірінші көрген – оқушылар. Олар шынғырып жылап, сосын бірнеше мұғалім барып асулы тұрған жіпті қиып, денені жерге түсірген.

- Олардан жауап алынды ма?
- Алынды. Ештеме білмейді. Оқушылардың шынғырған дауысын естіп жүгіріп келген. Олар келген кезде дене мұздап қалыпты. Сосын директорды шақырып, бізге хабарлаған. Сынып бөлмесіне біз келгенше ешкім кірмеген.

Безендіруінен бітіру салтанатына дайындық жүргені байқалатын мектептегі барлық мәдени шаралар тоқтатылыпты, оқиға болған сынып ұзынша коридор бойында, бұл бөлік шамамен алты-жеті сыныпқа арналған сынды, коридор есігі алдында полиция қызметкері ол жаққа ешкімді өткізбей тұр екен. Осы кезде әдеміше киінген қырықтардағы әйел жақын келіп, өзін таныстырды.

- Мен мектеп директоры Шара Мақсатқызымын.

Ол бұларға ере жүріп, оқиға болған 3-б сыныбының есігін ашты. Сынып іші талапқа сай жабдықталыпты, көрнекіліктер, терезе алдындағы гүлдер бұл бөлмеге жауапты болған жанның талғамы жоғары, ұқыпты жан екенін көрсетеді. Он екі парта мен жиырма төрт орындық, мұғалім үстелі де тап-таза, тактадан жоғары үлкен әріппен «Білімдіден шыққан сөз – талаптыға болсын кез», – деп жазылыпты. Жоғарыдан интерактивті тақта орнатылған темірге байланып, салбырап тұрған жіп пен жыртылған дәптер парақтары және қисая құлаған мұғалім орындығы ғана сол ұқыптылыққа нұқсан келтіріп тұр.

Ал жерде ақ матамен жабылған мәйіт. Криминалистер жұмыс жасауда екен. Абылай алдыңғы партаға барып отырды да, мектеп директорының қолындағы папканы алып қарай бастады. Кадр есебі жөніндегі парақ пен диплом көшірмесін, мақтау қағаздары мен сертификаттар көшірмесін, бұйрық көшірмесін парақтап қарап шыққан ол фотодағы көзі мөлдіреген әдемі қыздың келбетіне асықпай қарады. Сосын барып орнынан тұрып, мәйітпен салыстыра бастады. О, тоба! Екеуін екі басқа адам дерсің...Тіпті, мүлде басқа адам

дерсің... Мәйіттің бет сүйегі шодырая шығып, екі ұрты ішіне кіріп кеткен, көздерінің алды қап-қара, қолдары арық, салмағы 40 келіден аса қоймас. Суреттегі сұлу қыз мына жатқан адам дегенге ешкім сенбесі анық. Абылай кадр есебі парағының қашан толтырылғанына көз жүгіртіп еді, екі жыл бұрын рәсімделіпті. «Апыр-ай, адам баласының екі жылда осыншалықты өзгеруі мүмкін бе? Егер қиын жағдай, қысталаң кез болса түсінер еді, мынадай бейбіт заманда...Не болды екен... ». Абылай директорға бұрылды.

- Шара Мақсатқызы, мына жатқан адам Дәулетова Самал ма?
- Иә, бұл – Дәулетова Самал.



- Мына суреттегі адам мүлде басқа сияқты ғой.

– Бұл сурет осыдан екі жыл бұрын, оқу жылы басында түсірілген ғой. Университетті қызыл дипломмен бітірген, сол бойда бізге жұмысқа орналасты. Әке-шешесі де қалаға белгілі мұғалімдер еді.

- Сонда бір жыл сегіз айдың ішінде осыншама өзгеріске ұшыраған ба?
- Солай боп тұр ғой...
- Сіздер бұл өзгерістерді байқамадыңыздар ма?

- Енді... Біздің жұмыс оңай емес қой... Барлық мұғалім оқу жылын аяқтаған кезде азып-тозып кетеді, барлығымыз да осындаймыз.
- Түсінікті. Маған осы сынып оқушылары мен ата-аналарының тізімі керек.

Абылай облыстық полиция департаменті тергеу басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушісі қызметінде болатын. Жұрт оны аймақтағы аса күрделі істерді тергеп, ақырына дейін жеткізетін тергеуші ретінде білетін. Сол себепті оның объективтілігінде және ұқыптылығында ешкімнің күмәні болмайтын.

Оқиға орнына сот медицина дәрігері Алтаев Қамбар келіп, дереу мәйітті қарай бастады. Алтаев Қамбардың сот медицина дәрігері болып жүргеніне 30 жылдан асқан, облыстағы осы сала үздіктерінің бірі еді. Абылай қызмет жолын бастаған кездің өзінде ол білікті маман болатын, екеуі талай қылмыс басында кездесіп, бұл оның талай рет шешімдеріне тәнті болған-ды.

– Мәйітті қарап, тексеру басталды, сағат 09:17. Та-а-а-х, мәйіт әйелдікі, бойы 165 см, салмағын нақты зертханада анықтаймыз, көз алды қараюы бар, дене бітімі арықша келген, астыңғы және үстіңгі тістері айкасып, жағы қарысып қалған, көзіндегі майда капельяр тамырлары жарылған, ол адамға ауа жетпеуінен, тұншыққаннан немесе суға батып кеткеннен пайда болады, мойнында айнала қызыл түсті жарасы бар, жараға қарап оның жаңа екенін айтуға болады, жара ізі жіп немесе сол тектес заттыкіне ұқсайды, механизмі: жоғарыдан төмен қарай, қолында, аяғында, денесінде ешқандай зақым белгілері жоқ, яғни, көзінің капельяр тамырларының жарылуына және тұншығу механизміне қарап өз-өзіне қол жұмсау дерегі деп айта берсе болады, денесінде зорлық-зомбылық белгісі жоқ, өлім себебі – механикалық асфексия. Мәйітке қарап тексеру аяқталды, мәйіт сот медицина зертханасына тапсырылып, қосымша зерттеулер жүргізіледі, сағат 09:26.

Бір қарап осыншама деректерді тек өз ісінің шебері ғана айта алары анық. Алтаев Қамбар мәй-

ітті зертханаға алып кетті. Абылай мектеп директорымен бірге оның кабинетіне барды. Абылай:

- Шара Мақсатқызы! Самал неге бұлай жасады екен? – деп сұрады.

- Мен білмедім...Кеше ғана жұмысқа келіп, оқушылардың 3-сыныппен қоштасу рәсімін жасауды ақылдасып кеткен еді.
- Самалдың оқу жүктемесі қалай? Қосымша сыныптан тыс жұмысқа тартылды ма?
- Сынып жетекшілігінен басқа қосымша мектептен, сыныптан тыс қоғамдық жұмысы жоқ, жүктемесі 16 сағат, толық ставка. Үшінші сынып болған соң олимпиада, жарыстарға көп қатыспайды.

- Самалдың достасып жүрген жігіті бар ма? Мектеп ішінде, не сыртта ...

– Жоқ, естуімше оның жігіті жоқ. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Алматов Ғани оған өзінің сезімін бірнеше рет білдіріпті деп естігенмін. Бірақ, Самал тек жұмысын ғана ойлайтын. Онымен қоса қазір барлығы электронды түрде болған соң, бағаны электронды қоясың және күнделік те, тапсырма да, барлығы электронды түрде. Ертеңгі күнгі сабаққа дайындамамын дейсің, одан киім-кешектерді қарайсың. Мұғалім болған соң бірден сырт келбетіне көз түседі. Сол себепті жеке өміріне көп қол тие бермейді. Қорыта айтқанда екеуінің арасында ештеме де жоқ.

- Самалдың құрбы, достары болды ма? Болса, оларды танысыз ба?
- Самалды бастауыш сынып мұғалімдері Әлия Тұрсынова, Гүлжамал Шайыровамен бірге көп көретімін.

– Самалға біреулердің қысым жасауын не оның іс-әрекетінен өзгерістерді байқадыңыз ба?

- Қысым дегенде... Қысым деуге болар ма оны. Осы оқу жылында Самалдың сыныбына жаңадан Жасұлан деген оқушы ауысып келді. Сол оқушының анасы бірнеше мәрте Самалдың үстінен шағымданды. Шағым мазмұны баласына дұрыс қарамау, басқа оқушылардың көзінен Жасұланның қатесін шығару, онымен қоса Жасұланды сыныптағы ауқатты отбасы балаларымен достастырмады – деген сипатта. Ал, мен Самалмен сөйлескенімде білгенім – Жасұланның анасы бұған психологиялық қысым көрсетіп, нақтырақ айтқанда ұялы телефонына дамыл бермей жаза береді екен. Мен Самалға көмектеспек болып, бірнеше рет мұғалім ісіне араласпауды сұрадым. Алайда ол менің де үстімнен арыз жазып, министрліктен ескерту алдым. Содан кейін Самалға ұялы телефонымен тек жұмыс уақытында ғана жауап беруін, жұмыстан тыс уақытта жауап бермеуін талап еттім. Сонымен бітті.

- Сіз Жасұланның анасы жайлы мәліметтерді дайындап, бізге жіберіңіз. Ал Самалдың әлгі екі құрбысын ертеңге Облыстық полиция департаментіне шақырамыз. Міне – шақырту қағазы.

Ол кабинетіне келіп, барлық деректерді ойша қорыта бастады. Жігіті жоқ, бірақ сезімін білдіргендер болған. Бұл сталингіп құрбаны ма? Бәрі де мүмкін. Соңғы хатына қарасаң мұғалімдерден, оқушылардан, ата-аналардан шаршадым – деген. Демек, «жау сырттан келмейді» дегендей мәселе мектептің айналасында болғаны. Соңғы жазған хатында почеркі біркалыпты, асығыс адамның жазуына ұқсамайды. Өзіне қол салу саналы,

жоспарлы түрде болғаны ма, жоқ па – белгісіз. Ендеше, алдымен Самалдың соңғы хатына сараптама тағайындау керек. Сараптама тағайындау барысында сарапшыларға қойылатын сұрақтар нақты болмаса, олар да нақты жауап бермейді. Сондықтан қойылатын сұрақтар тыңғылықты болуы тиіс.

Сонымен, біріншіден, хаттанулық сараптама тағайындасам. Сұрағым: шынымен хатты Самал өзі жазды ма, хат қандай күйде жазылған, оның күйзелісте болған-болмағаны, мәжбүрлеу дерегі бар ма, жоқ па, масаю күйінде жазды ма? Екіншіден, техникалық-криминалистикалық сараптама тағайындатсам. Сұрағым: хаттың жазылғанына қанша уақыт болды? Сияның қағазға сіну және кебу деңгейіне қарай нақтылануы керек – ол дәл өлім алдында ма, әлде бірнеше күн бұрын жазылды ма? Хат қандай қаламмен (шарикті, гелді) жазылды? Қағаз қай дәптерден жыртылып алынды? Оқиға орнынан табылған қалам мен дәптерге сәйкес келе ме? Үшіншіден, автортанулық сараптама тағайындасам. Сұрағым: хаттағы сөйлем құрау стилі, жіберілген грамматикалық қателер мен ерекше сөз тіркестері Самалдың зияткерлік деңгейіне, біліміне немесе мамандығына сәйкес келе ме? Хаттағы сауаттылық деңгейін анықтау керек – хатта өте дөрекі, сауатсыз қателер бар ма? Төртіншіден, дактилоскопиялық сараптама тағайындасам. Сұрағым: Хатта тек оның саусақ ізі ме, әлде өзге де саусақ іздері бар ма? Бесіншіден, сот психологиялық-филологиялық сараптама тағайындасам. Сұрағым: хатта жасырын белгілер бар ма? Хат жазу барысында эмоционалдық жай-күйі қандай болды, хатта логикалық байланыс бар ма? Осы сұрақтарға жауап берсе істің мән-жайы жартылай ашылып қалар еді.

Абылай сағатқа қарап еді, түнгі 22:29 екен. Бүгінгі күн салтанатты басталғанымен, соңына қарай мектеп мұғалімі өзіне қол жұмсады деген хабар бүкіл облысқа тарады. Үйге келе салысымен Абылай дереу қызы Еркеназды іздеп, болған жағдайды түсіндіргісі келді. Алайда ол ұйықтап қалыпты, тек әйелі ғана ояу екен.

- Айша, бүгін қалай болды? Еркеназ ренжімеді ме?

– Ой... Жоқ... Еркеназ да, біз де үйреніп қалдық қой. Өзің қалайсың? Жаңалықтардан өзіне қол жұмсаған мұғалім жайлы айтып жатыр. Сен сол жаққа кеттің бе?

– Иә, сол жаққа барғанмын. Қайтыс болған мұғалім жас қыз екен, үйленбеген, бүкіл өмірі алда еді ғой, өзіне қол жұмсаумен мәселе шешілер ме, сірә. Оның жағдайын көріп, қатты шошып кеттім. Мен талай өлім мен қылмысты көрген едім, бірақ бұл барлығынан ауыр тиді.

- Түсінікті! Демалып алаңшы, – деді Айша.
- Көзін жұғмағын сол еді, әйелі Айшаның сөйлеп жатқанынан оянып кетті. Сағатты қараса таңғы 07:42. Апыр-ай, жаңа ғана ұйықтаған секілді еді, қалай уақыт тез өткен. Ол асығыс тамақтанып жұмысына беттеді.

Департаментке кіре берісте кешегі шақыртылған Әлия мен Гүлжамал келіп тұр екен. Екеуін ерте кабинетке келіп, сөзге тартты. Сұрақ қойып, тергеу барысында ол жантүршігерлік, адам сенгісіз жағдайлар жайлы ести бастады. Сабақ барысына ата-аналар араласып, олардың мұғалімге оқушылар көзінше ұрысып кететіні, сабақ пен мектептен тыс болған жағдайларды да мұғалімнен көретіні, бала үй тапсырмасын орындамай келсе де мұғалім кінәлі болып қала-тыны, тіпті кейбір аналардың балаларына ескерту жасатпауына, себебі, оның өзіне деген сенімділігінің төмендеп кету қаупі бар – деп ескертетіні, сыныпта шуласа да бұзықтық жасаса да ескерту жасамауды талап ететіні дағдылы жағдайға айналыпты. Кей ата-ана мұғалімнің ұялы телефонына күн, түн демей хабарласа беретіні және бейәдеп сөздер айтып, қит етсе мұғалімнің үстінен арыз-данатыны, болмаса, оқушыға психикалық қысым жасады деп немесе мұғалім кәсібилігіне күмән келтіріп шағымданатыны белгілі болды. Олар бұл жағдайда мұғалімдердің қорғансыз екенін, мектеп директоры мен оның орынбасарлары бұл жайға араласуға қорқатынын атап өтті. Себебі, басында директор барлығын объективті түрде қарауға тырысқанын, алайда, оның да үстінен арыз жазылып, соңында тәртіптік жазаға тартылғасын мектептің барлық ата-аналары осы әдіске көшкенін, қазіргі таңда барлығы қорқынышта өмір сүретінін жайып салған олар Самалдың екі жыл бұрын жұмысқа келген кездегі жайнаған жүзін, жайдарылығын, балаларға білім беруге деген ынтасын ашық көрсетті. Алайда мектеп өмірі өздері ойлағандай болмағанын, университетте оқушыға білім беру мен даярлығын үйретіп, кәсіби маман қылып дайындап шыққанмен, мұндай психологиялық қысымдарға дайын болуды үйретпейтінін айтты.

Бекмұхамбет ӘБДРАСУЛЛАЕВ
(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6408 дана
Апталық таралым 12816 дана

Тапсырыс № 123 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31